



www.farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oila! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!

Farabı

№06
маусым
2024

shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛИМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАҒЕРЛЕРГЕ,
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал.

Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады».

(Мемлекет басшысының
«Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатынан.
02 Сәуір, 2019 жыл, Egemen Qazaqstan)



«Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс»
атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінен:
2024 жылғы 15 наурыз).
Akorda.kz

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

Farabi shakirti

№06 (58) маусым, 2024 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБИЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: 040600
Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81
87017309312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

ТАРАЛЫМЫ – 228 ДАНА

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы
КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады.
Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

«Шын көңілден айтылған тілекке — шындықпен жауап беру парыз»



**ӘУЕЗОВ Мұхтар Омарханұлы,
қазақтың ұлы жазушысы,
қоғам қайраткері, ғұлама ғалым**

*Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

*Абайдың барлық өлеңі – қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш, қырдағы қалың қазақтың осы күйге шейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл – Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі.

*Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады.

*Театр - сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі.

*Төзім тамаша сипат. Бірақ шексіз ұзақ төзуге өмір тым қысқа ғой.

*Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз.

*Талай жан бар аузыменен айды алар, қолымен қосаяқ та соға алмас.

*Күй атасы – Қорқыт.

*Дос таппаған ер азар, басшы бақпаған ел азар.

*Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас.

*Тумай жатып толдым деме, толмай жатып болдым деме.

*Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы?!

*Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүюі шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек.

*Осы күнгі біздің көп мақтанышымыздың ең ірісі – ғылым.

*Өнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып келеді.

*Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді.

*Мақал-мәтелдердің молдығы, олардың тамаша поэтикалық формасы, шебер түрде берілген терең, тіпті философиялық мән-мағынасы – осындай тамаша үздік шығарма тудырған қазақ халқының өзінің де асқан ақындық дарынының, оның сарқылмас даналығының анық айғағы.

*Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен үркер күшім жоқ - деп ер қайратына мін дағы, өрге бас.

*Кісінің бір ғайыбын маған айтқан адам – менің жүз ғайыбымды кісіге айтар.

*Білім – бақтың жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.

*Мұғалімнің ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйсініп, ылғи соларды ғана оқытуы дұрыс емес.

Дереккөзі: Bilim-all.kz

ШУАҒЫМДЫ ЖАНДАРҒА ТӨКСЕМ ДЕЙМІН

**Сариев
Шөмішбай
Нағашыбайұлы
(1946 жылы
15 сәуірде
Қызылорда
облысы, Арал
ауданы, Шөміш
станциясында
туған. 2021
жылы 15
ақпанда дүниеден озған) – ақын, аудармашы.
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
бірінші дәрежелі «Барыс» және «Парасат»
ордендерінің иегері.**



Қарапайым менің Ана тілімде,
Әр таң сайын амандасар Аспан, Жер!
Жан дүнием сезімдерім дір еткен,
Мен сөйлесем сөз қозғаймын жүректен.
Ол өйткені,
Менің Ана тілім ғой,
Мен өмірге келген сәтте жыр еткен!
Адам ба әлде,
Тәңір ме әлде тіл берген,
Сөз Тәңірім,
құдіретті кім көрген?!
Ол өйткені менің Ана тілім ғой,
Арда туып, Ана сүтін бірге емген!

**28 ақпан 1998 жыл
Ақмола шаһары**

МЕНИҢ АНА ТІЛІМ ҒОЙ...

Қайран өмір қайта оралмас енді бір,
Дөңгеленген жеткізбейді жер жұмыр.
Адамдарға бір келетін тірлікте,
Я, Құдайым, мырзалықпен бер ғұмыр!
Берші ғұмыр жолаушыға бір келер,
Көзін ашпай дүниені кім көрер?!
Бір күн әлем құпиясын ашардай,
Табиғаттың тылсымына тіл берер.
Келген адам сезімдерін үркітіп,
Осы сәтті, сан ғасырлар, жыл күтіп.
Сонда тұрып күллі әлем сөз алар,
Әр жапырақ, әрбір тасқа тіл бітіп.
Сөз алады әрбір нәзік гүлім де,
Жұлдыздарым сырласады түнімде.
Қарапайым, киелі, қасиетті,
Сөйлейді өмір менің Ана тілімде!
Тоғысқандай қуған дауыл, қашқан жел,
Тасқан дария, тасқан теңіз, тасқан көл.

АЙНАЛАМДА КҰСТАР ҮНІ, ҚҰС ҮНІ

Айналамда құстар үні, құс үні,
Құлағымнан, жүрегіме жеткен бір.
Табиғат-ау, жасыл-желек пішіні,
Мені қоршап, айналамда көктем жүр.
Аман болса қауіп пенен қатерден,
Бұл тірлікке сапар кешкен жол - бақыт.
Осы көктем, мені өмірге әкелген,
Жан анаммен бірге өзі толғатып.
Бір үмітті ұялатып көңілге,
Мезгілімен келген маусым - әр қонақ.
Осы көктем, көз ашқанда өмірге,
Әлдилеген шуағымен жанды орап.
Бастау алар - тауға сүйеп иегін,
Өзендерге жүрегімді тасыттым.
Осы көктем мінезімен сүйемін,
Осы көктем жанарымен ғашықпын.
Бұлбұл әуен көктем деген қызық ән,
Аққу бейне, ару-жүзді, қыз-көрік.

Менің көктем жүрегімнен жылыған,
Үш ай қыста тас боп қатқан мұз да еріп.
Дария тасып, арнасы асып күш толған,
Өзіңе-өзің қалай ғана сиясың.
Менің көктем жүрегіме құс қонған,
Қайта оралып, салып жатыр ұясын.
Сан алуан сәулелерге боятып,
Бұл дүние жаралғандай өлеңнен.
Күнмен бірге тіршілікті оятып,
Көктемменен бірге жырлап келем мен.

ЕЙ, ДҮНИЕ, ЖАНЫМА ДЕМ БЕРЕСІҢ

Ей, дүние, жаныма дем бересің,
Демің тартып ішіңнен сен келесің.
Киелі қара ормандай жайқалып бір,
Ғажап толқын - ұрпақпен тербелесің.
Ей, дүние, жүректе қан ойнаттың,
Қан тасытып, кей-кейде абайлаттың.
Сүріндіріп, кей-кейде құлап тұрып,
Тіршіліктің тағдырын сан ойлаттың.
Ей, дүние, жиылып көзіме ендің,
Мендей ме екен, білмеймін, сезімі елдің.
Сан қилы, сан тараулы ұлы жолда,
Ерітіп, кей-кей жанға өзім ердім.
Мені де мойындайтын кезі келер,
Ақынның құпиялы - сезімі - өнер.
Ей, дүние мен сенің бөлшегіңмін,
Бір өзіңнен бөлініп, өзіңе енер.
Тыншымай таңғажайып мына тылсым,
Кеудем - толқын көгіме бір атылшы.
Жүрегіме дем беріп Ей, дүние,
Сен көзімнің алдында тұра тұршы...

ҚОС ШЫРАҚ

Тоғысқан елмен тілегі,
Ақынның өлмес жүрегі.
Алдымда жанған қос шырақ,
Ғажап та ғажап түн еді
Көретін көзге анық бір,
Адамға керек жарық бұл.
Қос көзімдей қос шырақ,
Қап-қара түнде жанып тұр.



**Мемлекет және қоғам қайраткері –
Уалихан Қалижан ақынмен**

Келеді таңым жазда атып,
Көрмедім өмір аз бақыт.
Жана бер жайлап қос шырақ,
Жүрегімді менің маздатып.
Келеді таудан көш құлап,
Дұшпанға емес досқа ұнап.
Жарық етіп түнімді,
Жана бер жайлап қос шырақ!

ШУАҒЫМДЫ ЖАНДАРҒА ТӨКСЕМ ДЕЙМІН

Шуағымды жандарға төксем деймін,
Тамыр жаяр дәнімді ексем деймін.
Жапырағым жайқалар бәйтеректей,
Сол жасқа, Сол бір жасқа жетсем деймін.
Шартарап, Елді кезіп кетсем деймін,
Жел болып, Жер жаһанды өпсем деймін.
Адасар жұмбағы көп құпиялы
Сол жасқа, Сол бір жасқа жетсем деймін.
Өмірде армандаумен өтсем деймін,
Ғасырлық жүкті арқаға жексем деймін.
Бір Аллам, өзі қолдап, демеп мені,
Сол жасқа, Сол бір жасқа жетсем деймін.
Көзіме оттай ыстық, қымбат ғалам,
Жатқандай тылсым дүние, тыңдап далам.
Сол бір жас, Бір мен үшін құпиялы,
Сол бір жас, Бір мен үшін жұмбақ маған!

**Дереккөзгі: Bilim-all.kz; Egemen Qazaqstan
газеті, kaznu.kz; liter.kz.**

Гүлсана Тілеубекова

РӘМІЗДЕР

Елтаңба, Ту және Әнұраным,
Өздеріңмен қашанда бағым, арым.
Астанада Саммитті өткізген соң,
Қазақстан өзіне табынамын.

Қуаныш, нұр көңілге құйылдырып,
Жүрсін елім әлемді сүйіндіріп.
Әнұраным асқақтап жер бетінде,
Желбіресе екен тек туым биік.

Егемен ел боп бақ орнап,
Құрғады жас та жанардан.
Астанаға айшық беріп тұр,
Еңсесі биік Ақ ордам.

Шаттанғын, қазақ, шаттанғын,
Атқаны үшін ақ таңның.
Босқын боп келген қанша ұлтты,
Ажалдан аман ап қалдың.

Тәуелсіздікті таңдаған,
Айтылсын әсем арман -ән.
Қазақтың туы көгілдір,
Қыран боп көкте самғаған.

Тұманбай Молдағалиев **БІЗДІҢ ТУ**

Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы.
Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды.
Көк аспанда қызыл күн,
Көк аспанда жас қыран.
Естілгендей біздің үн
Сол ғарыштың астынан.
Жанатындай өзі отша,
Жалын шарпып бетіңді.
Туымыз да қазақша
Сөйлеп тұрған секілді.
Туымызға жас тұнған
Бір қарамай өтпейміз.
Сол көк тудың астында
Көгереміз, көктейміз

Тұманбай Молдағалиев **ЕЛТАҢБА**

Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай астында қазақ үйі.
Қалықтаған жас сұңқар,
Шарықтаған таза күйі.

Бұл таңбасы елімнің –
Елдігімнің белгісі.
Мұнда да бар ерлігім,
Мұнда да бар жер күші.

Қара шаңырақ – ел күні,
Асқақтатып тұр мұны.
Елтаңбасы – елдігім,
Елдің тыныш тірлігі.

Сұлтан Қалиев **ЕЛТАҢБАСЫ ЕЛІМНІҢ**

Елтаңбасы елімнің
Неткен әйбат, әдемі.
Тұнығындай көңілді, -
Ортада аспан әлемі.

Құт-береке шаңырақ,
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген.

Тәуелсіздік жолында
Талай-талай тер тамған.
Билігім өз қолымда, -
Еркіндігім – Елтаңбам.

Исраил Сапарбай **МЕНІҢ ӘНҰРАНЫМ**

Біз – қазақ, тағдыры тамұқта сыналған,
Тұрлаулы жол тапқан тұңғыық тұманнан.
Жаңарсын дүние жасампаз еңбекпен,
Тазарсын дүние індеттен, ылаңнан!

Қайырмасы:
Асқақтай желбіреп жалауы,
Әлдиле, бейбіт күн, әр елді.
Қауымдас халықтар қалауы –
Тыныштық билесін әлемді!

Бабалар арманы – аманат балаға,
Сәулелі санаға нұр құйды замана.
Ерікті еліміз, кең байтақ жеріміз,
Сен үшін арымыз, жанымыз садаға!

Қайырмасы:

Бұл ғалам ғажайып, бұл ғасыр ғаламат!
Адамзат тілегі – амандық, саламат.
Арайлы таңымыз, баянды бағымыз,
Ұрпақтан ұрпаққа аманат, аманат!!!



Мемлекет басшысы «Jas Galym. Science Quest» фестиваліне қатысушы балалармен жүздесті



Алматы қаласы

Президент Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Алматыда ұйымдастырылған «Jas Galym. Science Quest» фестиваліне барып, балалармен кездесті.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін фестиваль биыл ғылым тақырыбына арналған. Қасым-Жомарт Тоқаев қала оқушыларымен бірге «Science», «Engineering», «Art», «Technology» және «Mathematics» станцияларын аралап көрді. Квест

форматында ұйымдастырылған шарада оқушылар өздерінің ғылыми жобаларын таныстырды.

Мемлекет басшысы балаларды мерекемен құттықтап, келешек ұрпаққа зор үміт артатынын айтты. Сондай-ақ жеткіншектердің ғылыми ізденісі мен шығармашылығын шыңдауға үлес қосқаны үшін фестиваль ұйымдастырушыларына ризашылығын білдірді.

Akorda.kz



«Көктемгі су тасқыны бүкіл Қазақстан халқы үшін қиын сынақ болды. Табиғат апаты әртүрлі салаларға әсер етіп, ауқымы әлі толық бағаланбаған ауыр зардаптарға әкелді. Бұл жолғы депутаттық сауалға — су тасқыны аймағында орналасқан археологиялық нысандардың тағдыры арқау болып отыр. Археологиялық ескерткіштер – еліміздің тарихи-мәдени мұрасының материалданған түрі, оны сақтау қазақ қоғамының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі.



Археологиялық ескерткіштерді сақтау – қазақ қоғамының алдында тұрған маңызды міндет

Апат аймақтарындағы тарихи-мәдени мұраның елеулі бөлігін жоғалту қаупі - Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» заңының мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі іс-шараларды қарастыратын 56-бабына сәйкес қазір жедел шараларды қолға алуды қажет етеді. Осы орайда, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және сақтау бойынша тасқын судан кейін шұғыл іс-қимыл салалық бағдарлама әзірлеу қажеттігі бар.

Ол келесі әрекеттерді қамтуы керек:

1-ден, су тасқынынан зардап шеккен археологиялық ескерткіштер аймақтарын анықтау;

2-ден, археологиялық ескерткіштер мен басқа да тарихи-мәдени мұра объектілерінің жай-күйін бағалайтын көшпелі экспедиция жасақтау;

3-ден, су тасқынынан зардап шеккен тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізімін жасау;

4-ден, жағдайы төтенше деп бағаланған ескерткіштерге авариялық-құтқару археологиялық жұмыстарын қолға алу.

5-ден, Археологиялық жұмыстарға лицензиясы бар ұйымдар тартылып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы заңының 39-бабының 3-тармағының 4-тармақшасында төтенше жағдайлардың салдарын жою үшін қажетті шарттарды назарда ұстау.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Біз бай тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау үшін археология саласында тәртіп орнатуымыз керек. Елімізде кәсіби археологтар тапшы, археологиялық қазба жүргізу үшін лицензия беру ісінде шешімін таппаған түйткілдер бар» - деді.

Заң әлсіз болса, ұрының бағы. Соңғы жиырма жылда, заңның жетімсіз және солқылдақ тұстарын пайдаланып, қарақшы археологтар мен алыпсатар саудагерлер қолынан тоналып кеткен мұра көп. Бірқатар облыстарында қаншама қабір қазылып, жергілікті тұрғындар қымбатты жәдігерлердің тоналып жатқанын мәлімдесе де, көбінің соңы жылы жабулы күйде қалып жатыр.

Жақында Талдықорған облысының малшылары шұрық тесік жайылымдар фотосын әлеуметтік желіге салып, «алтын жәдігер іздегендер қазған шұңқырға біздің малымыз түсіп өліп жатыр» деп дабыл қақса, шығыс қазақстандықтар Шілікті жазығындағы Алтын адам табылған обалардың белден қазылып, табыттары қирап жатқанын хабарлаған еді.

Президенттің «Қазақстанды археология саласындағы күмәнді адамдар жайлап алды. Олар құрылыс фирмаларына жекелеген

жер телімдерінің тарихи-археологиялық маңызы жоқ деген жалған ғылыми қорытындылар беріп жүр. Осы қызметі үшін қыруар ақша алады» деп баса айтуының бір себебі осында. Қазір Қазақстанда уақыты шектелмеген, аумағы айқындалмаған лицензия алған арнайы білім біліктілігі жоқ жеке адамдар мен ұйымдардың саны ресми - бейресми мәлімет бойынша 60-тан 100-ге дейін жетеді. Ең сорақысы, олар ешкімге ешқандай есеп бермей, білгенін жасап жүр дейді мамандар.

Елімізде бұл сала бойынша тек екі заң болса, оның бірі үстірт, екіншісі – негізгі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңы болғанымен, бұл заңның да кемшілігі шаш етекпен. Ал, көршілеріміз көш ілгері. Қытайда археологиялық зерттеу жұмыстарын тек реттеуге байланысты 20-ға жуық нормативтік-құқықтық құжат қабылданған. Ресейде де тарихи – жәдігерлік байлықтарды қорғау әр деңгейде қатал бақылауға алынған. Өзбекстан шетелдегі жәдігерлерді зерттеу бағытында арнайы орталықтар құрып, мемлекеттік бағдарламаны қолға алды.

Сондықтан Үкіметтен:

бірінші, археология саласын цифрландыру және арнаулы сайт ашылып, елдің барлық аумағында қазірге дейін жүргізілген және жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеу мен қазба жұмыстарының есептерін жинақтау, бюджеттік-қаржылық есебін де азаматтардың бақылауына қоса ұсыну;

екінші, алыс-жақын шетелдегі тарихи жәдігерлерімізді жинастыру үшін дипломатиялық-халықаралық құқықтық арнайы жұмыстарды қолға алуды қарастыру;

үшінші, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге лицензия уақытын мен объектілерін нақтылау тәртібін енгізуді ойластыру;

төртінші, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бойынша үйлестіру жұмыстарын вандализммен күрестің маңызды міндеттерінің бірі ретінде айқындап, жәдігерліктер контрабандасы бойынша жазаны қатаңдатуға назар аудару;

бесінші, археологиялық қазба нысандарында аспан астындағы мұражай немесе туристік кешен салу ісін бір ізге келтіру, құрылыс нысандарының ауданын, учаскелік аумағын, қабылданатын туристердің шекті санын, билет бағасын, түскен табыстың пайдалану мақсатын қатаң бақылауда ұстауға мүмкіндік беретін тетіктер әзірлеу», - деді Сенатор Б.Жексенбай ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалында.

Дереккөзі: adilet-gazeti.kz; cypet - egemen.kz

Маңғыстаулық оқушы Қажымұқан Мұңайтпасұлы туралы комикс жасап шығарды

10 сыныпта оқитын Рамазан Сүгірбай кәсіпқой балуан, алып күш иесі – Қажымұқан Мұңайтпасұлы туралы мәліметтерді суретпен әрлеп, комикс кітап жасап шығарған, деп хабарлайды mangystaumedia.kz.



Ақтау қаласындағы №13 мектеп-гимназиясында білім алатын оқушы комикс арқылы аты аңызға айналған батырлардың бейнесі мен ерлігін жастарға жеткізгісі келеді. Комикс әдебиет пен бейнелеу өнері ұштасқан жанр екенін айтқан Рамазан көлемі өте үлкен, деректері көп ақпаратты

бірнеше ай уақыт қажет. Ал комикс арқылы қысқа уақытта қажетті әрі мол мәліметтерді білуге болады. Уақытты үнемдеуге көмектеседі, – дейді оқушы.

Рамазанға комикс жасап шығаруды әкесі ұсынған. – Сурет салу – менің хоббиім. Бір күні әкем кішкентай балаларға арнап комикс жасауды ұсынды. Басында «мүмкін емес нәрсе» сияқты болып көрінді. Сурет салуға икемім болған соң қазақ ертегілерінің бірі «Көлтауысарды» салып көрдім. Суретті бір емес, бірнеше мәрте салып көргеннен кейін кейіпкердің бейнесі шыға бастады. Кейін Қажымұқан Мұңайтпасұлының осы комиксін құрастырып шықтым, – дейді автор.

Рамазанға атақты балуан туралы комикс әзірлеуге бір ай уақыт жеткілікті болған.

— Комикс кітап құрастырар алдында Қажымұқан ағамыз туралы оқып, фильмін көріп шықтым. Бұл комикс арқылы балаларды спортқа, оның ішінде күреске шақырғым келді. Тағы бір мақсатым – біздің 4-5 жастағы кішкентай оқырмандарымыз орасан күштің иесі, боз кілемде талай балуанды жеңген қазақтың батыры туралы білсе деген ой болды, – дейді оқушы.

Рамазан алдағы уақытты халық ертегісі «Толағайдың» комикс нұсқасын әзірлеп, оқырмандарына ұсынғысы келеді.

"Маңғыстау" газетінде жарияланды mangystaumedia.kz



жастарға осындай форматта жеткізу тиімді дейді.

— Комиксте оқиға желісі сурет арқылы бейнеленеді және өте қысқа мәтін жазылады. Жалпы адамға том-том кітаптарды оқып шығуға

АҚШ-та білім алған қазақстандық студент зағип жандарға арналған құрылғы ойлап тапты

АҚШ-та білімін жетілдіріп жүрген қазақстандық өнертапқыш зағиптарға арналған брайль мобильді құрылғы жасап шықты. Су жаңа құрылғы көзі көрмейтін азаматтардың сауатын арттырып, электронды мәтіндерді оқып, телефонмен мәтін теруге мүмкіндік береді. Калифорния штатындағы Стэнфорд университетінің магистратурасын таяуда тәмамдаған Әділ Жүсіпов жасап шыққан құрылғы көзі әлсіз көретін және зағип жандар үшін таптырмас дүние. Өнертапқыш отандасымыздың бұл құрылғысы бұған дейінгі брайль такталарына қарағанда әлдеқайда қолайлы әрі қолжетімді.



Әділ Жүсіпов, Стэнфорд Университетінің түлегі:

—Нарықтағы осындай дисплейлердің көлемі өте үлкен. Қолға ұстағанға ыңғайсыз және оның бағасы да 2 мың доллар шамасында. Мен оны барынша ыңғайлы, қалтаға сыйымды етіп жасадым. Құрылғы қалта телефонына магнит арқылы оңай жабысады, қолданушы оның көмегімен электронды мәтіндерді оқып, өңдеп, өзіне қажетті құжаттарды толтырып, күнделікті әлеуметтік желілерден келетін хабарламаларға жауап бере алады.

Өнертапқышқа бұл идея «Астана хаб» технопаркінде жұмыс істеп жүрген кезінде келген. Елдегі зағип жандардың мәселесін зерделей келе жаһандық құрылғыларды сатып алуға әрбір мұқтаж азаматтың қалтасы көтермейтініне көзі жеткен ол, АҚШ-тың білікті мамандарымен тәжірибе алмасып,

құрылғының жаңа түрін ойлап табуға бел буған. Ал оның бағасы нарықта небәрі 200 доллар айналасында болмақ.

— Зағип жандар әлемнің кез келген елінде бар. Біріншіден, мені өз елімнің көзі нашар көретін азаматтары әрқашан осы өніммен айналысуға қолдау білдіргендерін айтқым келеді. Және бұл құрылғының өндірісін Қазақстанда ашса, өте керемет болатын еді, - дейді өнертапқыш.

Отандасымыздың айтуынша, әлемдегі зағип жандардың тек отыз пайызы ғана жұмыс істеуге қабілетті, ал олардың ішінде сауаттыларының үлесі он пайыздан да аспайды екен. Қазіргі кезде АҚШ-тың VemYeyes компаниясы өнертапқыштың жаңа құрылғысына қызығушылық білдіріп, грант бөлген.

**Айжан Сыдықова,
24.kz**



Астрономдар алғаш рет ерте Ғаламда ежелгі квазарлардың бірігуін бақылады

АСТАНА. KAZINFORM – Халықаралық астрономдар ұжымы Бикеш шоқжұлдызында Үлкен жарылыстан 900 млн жылдан кейін бір-бірімен соқтығысқан белсенді галактикалық ядролар – квазарлардың бірігуінің ең алыс және ежелгі мысалын тапты. Олар ашқан жаңалық ерте Ғаламдағы галактикалар мен қара құрдымдардың өсу механизмдерін ашуға көмектеседі, деп хабарлады дүйсенбіде астрономиялық зерттеулер жүргізетін университеттер қауымдастығының (AURA) баспасөз қызметі. Бұл туралы ТАСС ақпарат агенттігі жазды.

«Бұл жаңалық негізінен кездейсоқ болды. Мен ежелгі квазарлардың рөліне ықтимал үміткерлерді іздеу үшін «Субарудан» түсірілген суреттерді зерттеген кезде бір-біріне жақын екі ұқсас және өте «қызыл» сәулелену көздерін анықтадым. Біз біріктіру процесіндегі квазарлар жұбының ашылуын бірнеше ондаған жылдар бойы күттік, енді бірінші рет олардың бар екенін растауға қол жеткіздік», - деп мәлімдеді Эхиме префектурасы университетінің доценті Йо-сика Мацуока.

Зерттеушілер бұл жаңалықты Гавай аралдарында орнатылған жапондық «Субару» телескопы арқылы алынған ертедегі әлемнің суреттерін зерттеу, ежелгі квазарлардың өзіндік «санағын жүргізу» кезінде жасады. Осы жобаның бір бөлігі ретінде ғалымдар әлем біртіндеп элек-

тромагниттік толқындарға мөлдір бола бастаған реионизация дәуірінде болған бірнеше жүздеген белсенді галактикалық ядроларды зерттеп жатыр.

Зерттеушілер іске қосылуы 2025 жылдың жазының соңына жоспарланған



LSST сияқты жерүсті телескоптарының көмегімен тағы да көптеген соқтығысатын квазарлар анықталатынына үміттеніп отыр. Бірнеше ондаған немесе жүздеген соқтығысқан ежелгі квазарларды анықтау және зерттеу астрономдарға олардың әлемнің қайта иондану процесінде қандай рөл

Зарина Туғанбаева
Фотолар: freepik.com





БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН ЖАСТАР ЛЕГІ БҮГІНГІ БАЛАЛАР

Бүкіл әлемде 1 - ші маусым Балаларды қорғау күні балалар үшін керемет мереке болып аталып өтіледі. Оны өткізу жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды. Алғашқы халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізілді, БҰҰ аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды.

Мерекеге орай жергілікті әкімшілік білім басқармаларымен бірлесіп, балалар арасында естен кетпес мерекелік шаралар ұйымдастыруда. Өнерлі балалардың шығармашылық кештері, спорт жарыстары аталып өтілуде.

Ата – аналар да мерекені ұл – қыздарымен бірге әртүрлі етіп өткізеді. Кейінгі кезде мерекені отбасы болып, арнайы демалыс орындарында атап өту дәстүрге айналды.

Бүгін Іле Алатау Ұлттық паркі баурайында орналасқан жазғы демалыс орындарына балаларымен мерекені атап өтуге келген ата – аналардың қарасы қалың.

Дүниедегі ең баға жатпес бақыт – балалардың риямыз пәк күлкісі мен алаңсыз шағы.

Еліміздің барша балалары мен жасөспірімдерін Балаларды қорғаудың Халықаралық мерекесімен құттықтап, ашық аспан тілейміз! Олардың болашағы жарқын, жолы айқын болсын дейміз! Бүгінгі біздердің ертеңгі үмітіміз, әр отбасының шуақ шашқан нұры, келешектің кілтін сеніп тапсырар жалынды жастары аман, дендері сау, ғұмыр жастары ұзақ болсын!

Оқушылардың жазғы демалысы ерекше өтпек

«Ұйымдастыру ісіндегі барлық мәселе 9 мемлекеттік органның бірлескен жоспары шеңберінде пысықталуда. Осы мақсатта республикалық және өңірлік штабтар құрылды. Барлық демалыс орталықтарының тізімі әзірленіп, олардың дайындығы қамтамасыз етілді.

«Қазақстан халқына» қорының қолдауымен 20 мың бала тегін демалуға мүмкіндік алады. Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерден келген оқушыларға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарынан және ауылдық жерлерден келген көп балалы отбасынан шыққан балаларға басымдық беріледі.

Жалпы, еліміз бойынша 2,9 млн бала жазғы демалысты 10 743 демалыс лагерінде: 10 мың - жыл бойы сауықтыру орталықтарында, 240 мың - қала сыртындағы орталықтарда, 2,6 млн – мектеп жанындағы лагерьлерде, 75 мың - шатырлар мен киіз үйлерде өткізеді деп күтілуде.

(Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтынан).

Биылғы оқу жылы аяқталар сәтте Алатау ауданында орналасқан Алматы қаласы білім басқармасына қарасты №156 жалпы білім беретін мектепте ата – аналар жиналысы өткізіліп, оларды жазғы демалыс кезінде ең алдымен балалар қауіпсіздігінің сақталуы жөніндегі ережелермен таныстырылды. Кейінгі кездері ата – аналардың алаңсыздығынан балалар арасында түрлі жағдайлар орын алуда. Сол себепті, балалардың қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің сақталуы бойынша «Жазғы демалыстағы қауіпсіз ережелер» туралы жан – жақты талқыланды. Атап айтсақ, «Жол қауіпсіздігі», «Өрт қауіпсіздігі», «Судағы қауіпсіздік ережелері», «Табигаттағы қауіпсіздігі», соның ішінде бала қауіпсіздігін



сақтау үл – қыздары бастауыш сыныпта оқитын ата – аналар бұл ережелерді жадында сақтауы қажет.

Лагердің мақсаты – оқушылардың бос уақытын тиімді, өзі қалаған іспен айналысуы үшін балаларды топтастырып, олардың дос болуына, бір – бірін сыйлап, қиын тапсырмаларды орындауда біріге білуге үйрету. Сонымен, қатар Алматы қаласы, оның аудандары туралы айтып, индустриальды – экономикалық әлеуетімен қашықтан таныстырып өту. Еліміздің қалалары мен ауылдары жайлы да қысқаша мәліметтер беру. «Қайталау – оқу анасы» - деген даналыққа сүйене отырып, әр баланың сөздік қорының көбеюі үшін ана тілімізде еркін сөйлеуіне көп көңіл бөлу. Спортпен шұғылданып, қаланың көрікті жерлеріне саяхат ұйымдастыру.

Жылда мектебімізде бастауыш сыныптары үшін ұйымдастырылатын лагердің биылғы ерекшелігі - оқушылар үшін барлық жағдай жасалды. Биылғы оқу жылы аяқтала мектеп жанынан лагерь ашылып бастауыш сыныптардан 500 – ге жуық бала жазғы демалыстың алғашқы он күнінде тамаша демалды деп айта аламыз. Біздің мектеп жанынан ашылған «Күншуақ» балалар лагерін ұйымдастырып, оқушылардың күнделікті келіп-кегуін қадағалаған мектеп директоры Теміргалиева Манар Бидахметқызының орасан еңбегін атап өтуге лайықты. Лагерге келуші оқушылар күніне бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Әр баланың тегін тамақпен қамтылуын, тамақтың сапасын және көрсетілген тамақ беру кестесін асхана қызметкерлерінің сақтауын, балалардың демалысының бағдарламаға сай өткізілуін қадағалап, топ жетекшілеріне ақыл – кеңесін беріп отырды.

«Аққу» тобының жетекшісі - Дюсембаева Сания Мырзабековна, «Лучик» - Акбошанова Айдана Тлеков-

на, «Достық» тобы - Темірханова Айгерім Мейірханқызы, «Палитра» - Рекалинова Наргиза Усипжановна, «ОйлаNike» - Мұсатаева Нұргүл Мырзаханқызы, «Қыран» тобы - Бейсенбекова Алия Каримқызы, «Радуга» - Касенова Жанар Алдабердиевна, «Қарлығаш» - Ердинбекова Жанерке, «Ботақан» - Касайнова Арай Сериковна, «Гунч» тобы - Исмаилова Паридам Асановна, «Һасан-Һүсән» тобы - Исамдинова З.А. «Бірлік» тобы - Саржанова Н.Д., «Құлншақ» тобы - Нурадинова Б., «Берёзка» - Алепова Бостангуль Баситовна басқарған топтағы оқушыларымыз үшін жазғы демалыстың алғашқы 10 күндігі ойларынан шықты деп білеміз.

«Күншуақ» балалар лагеріндегі бастауыш 1-4 сыныптардағы оқушыларға жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар берілді. Тапсырмалар ұлттық құндылықтар негізіне сүйене отырып, орындалды. Шәкірттеріміз оқу жылы барысында оқулық бағдарламаға сәйкес өткен тақырыптарды қайталап, ертегілер мен тақпақтарын айтса, 3-4 сынып оқушылары өздерінің армандары туралы эсселер жазды. Таза ауада асфальтке суреттер салды. Спортпен шұғылданып, топ арасында жарыстар ұйымдастырылды. Цирк қойылымдарын тамашалап, саябақтарда демалды.

Осы атқарылған шаралардың барлығы дерлік бүгінгі шәкірттің бала жастан Отанын шын ниетімен сүюге, халқы үшін қалтқысыз еңбек етуге, ұлттық құндылықтарымызға баса назар аударып, оны қастерлей білуге, қасиетті ана тілімізді құрметтеп, қазақ тілін шыңға шығаратын ұрпақ тәрбиелеуге арналады.

Мектеп жанынан ашылған алғашқы екі апталық



«Күншуақ» балалар лагері жұмысын аяқтап, келген оқушылардың ойы сергіп, асыр салып ойнап, ата – аналарына тапсырылды. Тынығып, жаңа күш жинап, тарқанды. Алдағы жарқын жазда ата - анаға бала қауіпсіздігіне аса мән беру қажеттілігі ескертілді. Шәкірттерімізбен күзде жаңа оқу жылында кездескенше сәттілік тілейміз! Ұстаздарымызбен қауышқанша күн жақсы болсын!

САРЖАНОВА Назгуль Даулетхановна,
бастауыш сынып мұғалімі.

ТҮЛЕГЕНОВА Диана Саятқызы,
«Күншуақ» балалар лагерінің жетекшісі.
№ 156 жалпы білім беретін мектеп
Алматы.

«БАЛА ӘКЕДЕН ОЗЫҚ БОЛУЫ ТИІС»

Баяғыда Ақтөбеде ректор болдым. Үш жылдан кейін Үкімет Денсаулық сақтау министрі етіп тағайындады. Бірден алып-ұшып әкеме тарттым. Жаңалығымды үнсіз отырып тындады. Көп сөйлей қоймады, бірақ іштей қуанғанын сездім. Жанарынан ерекше бір мейірімнің шуағын байқадым. Әке баланың жетістігіне іштей қуанса да, ерекше жылу арқылы бала оны сезеді. Әкелерге сол сезімнің өзі жеткілікті.

Төрегелді ШАРМАНОВ



Біз таныған тұлғалардың өмірдеріне көңіл бөлсек, ұлы әкелер бейнесін көреміз. Құнанбай мен Абай, Шыңғыс пен Шоқан бейнесі әдебиетте там-тұмдап қана жазылғанымен, соның өзінен әкелік ғажайып сезімнің, перзенттік ерекше махаббаттың толқынысын сеземіз. Бұл да заманалар көшінен жалғасқан ұлы сезім, әкелер мен балаларға ғана тиесілі ғажайып көңіл пернесі болар.

Иә, Төрегелді Шармановтан осы кезге дейін талай-талай БАҚ өкілдері сұхбат алып, қоғам тамырын басқан, елдің жайын қаузаған тақырыптарды қозғады. Ал бұл сұхбаттың ерекшелігі әке мен баланың арасындағы ұлы сезімдер, жылу, қарым-қатынас туралы болмақ...

— И.С.Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романында қилы тағдыр, сан түрлі мінез, әсіресе шығарманың аты айтып тұрғандай, әкелер мен балалардың қарама-қарсы бейнесі айшықталады. Ұрпақтар арақатынасы қай заманда да өзекті. «Ескінің соңы мен жаңаның басына» қатысты пікір сіздің үйде де байқала ма? Өзіңіз бен ұлыңыздың арасында осы тақырыпқа орай қандай да бір мәселе туындамай ма?

— Дұрыс айтасыз, Құнанбай мен Абайдың, Абай мен оның ұлдарының арасындағы жақындық пен алшақтық, өзіңіз мысалға алған Тургенев кейіпкерлерінің «әкелері мен балаларының» мәселесі бәрімізге де жақын, бәрімізге де аяулы. Заман алмасып, көп дүние өзгерсе де ескі мен жаңаның қарама-қайшы көзқарасы әлі де байқалады. Оған бола кінәліні іздеп, «күнәһарды» табуға тырысудың қажеті жоқ. Өмірге келген әр буынның маңдайына өз тағдыры жазылады. Кейінгі буынның маңдайындағы жазу бұрынғы буынның жүрген жолымен сәйкеспей қалуы да заңдылық.

Иә, біз жайбарақат заманда өмір кештік. Асықпадық. Аптықпадық. Ал бүгінгі уақыттың жүрісі жедел, қозғалысы шапшаң. Қай жастағы адамның да шапшаң

ойлануы, дер кезінде әрекет етуі қажет. Қаласаңыз да, қаламасаңыз да, бүгінгі заманымыздың шындығы осы. Міне, осы екі айырмашылық кейде бүгінгі әкелер мен балалардың арасында екі бөлек ұстанымның пайда болуына әкеле ме деймін. Әкелер «асықпайық, ойласайық» деуі мүмкін. Балалар оған көне ме? Зымыраған уақыттың жалына жармасып алып, уақыттан бұрын оза шапқысы келеді...

Өз отбасымның мысалына оралсам, әке мен бала арасындағы қарама-қайшылықтың орнына, екі ұрпақтың бірін-бірі түсініп, ортақ ұғым мен пайымға тоқтап, ашық қақтығысқа ұрынбағаны дұрыс деп санаймыз. Әкенің балаға жөн сілтеуі, жол көрсетуі, анығын айтсақ, ақыл айтқысы келіп тұруы табиғи заңдылық. Бірақ, жөні солай екен деп, орынсыз қысым жасаған дұрыс емес деп ойлаймын. Перзенті әкесінің айтқан ақылы мен кеңесін тындасын, алайда заманына сәйкес шешім қабылдауда баланың өз ойы, өзіндік пікірі болуға тиіс. Әке баланың мысын баспай, қанатын кең жаюға мүмкіндік берсе құба-құп. Бала да әке ақылына құлақ қойсын, себебі әкесі оған өмір елегінен өткен пікірін айтады. Солай бола тұра әкесі баласының тек өзіне ұқсағанын қалап, айтқанымен ғана жүргенін міндеттеуі – бала арманына, мақсатына кедергі. Әр баланың өзіне тән мінезі болады. Бала отбасында еркін өсіп, қажетін бойына сіңірсе ғана өз заманының азаматы болып қалыптасады. Әкелер мен балалар қарым-қатынасында үлкендерден жауапкершілік пен мейірім, кішілерден еркіндік пен сыйластық сезімі көп сезілетін секілді. Бұл менің жеке көзқарасым шығар. Қандай мәселе болса да, қайшы көзқарастар мен пікірлерден аяқ алып жүре алмай қалса да әке мен бала арасы салқындамағаны маңызды. Әке мен бала арасында жылу сақталса кез келген мәселені айналып өтуге болады.

— Ұлыңыз да, өзіңіз де елге белгілі тұлғасыздар. Алмаз Төрегелдіұлы ұлт саулығы мен денсаулық саласын нығайтуда белсене атсалысып жүрген азамат. Сіз де жұртқа мәшһүр ғалымсыз, сөйте тұра ұлыңыздың қызметіне, атқарып жатқан жұмысына жұрт алдында ашық баға бермейсіз, мақтауға да сараңсыз. Неге? Сыртқа айтпасаңыз да іштей мақтанып, марқаятын шығарсыз?

— Қазақ баласын көп мақтамаған. Іштей қуанып, риза болып, шүкір еткен. Мен де сол жолдан көп ауытқыған емеспін. Жұрттың мақтауына ие болса, сол жетеді. Алмаздың ісін, жүрісін жіті бақылаймын. Еңбегінің халыққа пайдасы тиіп жатқанына іштей ризамын, бірақ сыртқа ашық көрсетуді орынсыз деп ойлаймын.

Баяғыда Ақтөбеде ректор болдым. Үш жылдан кейін Үкімет Денсаулық сақтау министрі етіп тағайындады. Бірден алып-ұшып әкеме тарттым. Жаңалығымды үнсіз отырып тындады. Көп сөйлей қоймады, бірақ іштей қуанғанын сездім. Жанарынан ерекше бір мейірімнің шуағын байқадым. Әке баланың жетістігіне іштей қуанса да, ерекше жылу арқылы бала оны сезеді. Әкелерге сол сезімнің өзі жеткілікті.

«Әке – балаға сыншы», - дейді дана халқымыз. Әке баланы ақылымен жақсы көреді, жүреппен тілектес болады. Әке үшін баласының өмірдің мына бұралаң жолында сүрінбей жүруі, ар-ұятын сақтап, дұрыс адам болып қалыптасуы аса маңызды. Әке ретіндегі ойым осы.

— Екеуіңіз де ғалымсыз. Кейде ғылыми көзқарас сәйкеспей қалуы да мүмкін. «Платон менің досым, бірақ ақиқат одан да қымбат» дегендей, келіспеген жерде Сіз қандай шешім қабылдайсыз? Бұған ұлыңыз не дейді?

— Әр ұрпақтың өз заманына сай көзқарасы қалыптасуы заңдылық. Әрине, кейбір мәселеде менің позициям қарама-қайшы болуы мүмкін, ұлым оған түсіністікпен қарап, көмектеседі. Әркім өз ойында қалатын кездер де бар. Мұның барлығын өзара жан-жақты саралаймыз, талқылаймыз.

Ұлым көп жағдайда жұмысыма келіп, көмектесіп тұрады. Ойын айтып, кей жерде түзеп кетеді. Өзім жетекшілік етіп жүрген жұмыстарымды да жіті қадағалап қояды. Кейде пікірін көмекшілеріме айтып, тапсырып кетеді. Онысын маған айтпайды, мен де байқамағандай боламын. Ол да менің хабардар екенімді білетін шығар, бірақ бір-бірімізге оны сездірмейміз.

Ұлым өте қамқор, сұхбат жүргізерде немесе тікелей байланысқа шығарда барлық қажетті техниканы қосып, дайындап береді. Бір-бірімізге көмекшіміз. Мысалы, болатын іс-шараға қатысты сөзімізді, баяндамамызды алдын ала саралап аламыз, кем тұсын толықтырып, пікірімізді бір-бірімізге ашық айтамыз. Ғылыми жұмыстарға қатысты да ашық талқылаймыз. Жұмысқа келгенде ол менің ұлым ғана емес, білімді азамат, әрі маман, әрі ғалым екені ұдайы жадымда

тұрады.

— Әке мен бала достығы бар ма?

— Әрине, бар. Достық терең түсіністіктен ғана туындайды. Сонда ғана өзара сыйластық пайда болады. Бала әке-шешесін сыйламай «өзім өстім, жетілдім» деп тастап кетіп жатса, бұл надандықтың, азғындықтың жиіркенішті көрінісі. Өкінішке қарай, бүгінде мұндай жағдай жиі кездесіп жатыр ғой.

Маған Алмаз зор құрметпен қарайды, жаны қалмай күтім жасайды. Перзенттік жүрегімен алғаусыз жақсы



көретінін білемін. Ол шынайы сезімі. Сол сезімді алға тартып міндетсіген де емес.

— «Мен сізден оздым әке, мені бүкіл қазақ таниды» деген Абайға, «Ұлым, сен менен оздым деуің үшін әуелі өзің сияқты ұл тудырып ал» деген Құнанбайдың жауабын бәріміз білеміз. Тұрасын айтыңызшы, ұлыңыздың жетістіктері сіздің жетістіктеріңізді басып озды ма?

— Ұлым менің көлеңкеде қалып қойса, қуанбас едім, жүрегім тыныш таппайтын еді. Ұрпақ жалғастығы, эволюцияның басты қағидасы кейінгі ұрпақтың менен әлдеқайда мықты - болуында. Ұлымның жетістіктері менің жеңістерімді басып озуы заңдылық. Өзінің дара жолын тапқанына, өз саласында танымал болып, айтулы жетістіктерге жеткеніне, ең бастысы, халықтың оған сенім артатынын көріп масаттанамын. Өсті деген осы.

Әкелік мейіріммен осылай жалғаса беруін шын тілеп тұрамын. Мен шықпаған биіктерге шықсыншы деп тілеймін. Мен аспаған асулардан өтеріне сенімдімін.

Ол тұлға болып қалыптасты, еліміздің денсаулық сақтау саласына еңбек сіңіріп жүр және қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып келеді. Халықтың жабырқаған жанына сүйеніш болғысы келеді, елдің жыртық көңілін жамау үшін барын салады. Бұл мен үшін зор абырой!

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен: Қ.Серікқызы,
«Ана тілі» газеті, 02 Желтоқсан, 2020 жыл



Бала жанына ең жақын, отбасының шын досы

Тақырыпты оқыған көпшіліктің көкейінде бұл кім екен? Ата – анасы мен бауырларынан басқа балаға ең жақын кім болуы мүмкін? деген сұрақтар туындайтыны рас. Балабақшаға баратын бүлдіршінге, мектептегі оқушыға ұстаздан бөлек қамқор болатын жан – әлеуметтік педагог. Жасөспірімдермен бірге уақытын өткізіп, олармен әңгімелесіп, қабілетін байқап, баланың өз ортасында өзін көрсете білуге жетелейтін маман.

Мектеп оқушыларымен жұмыс істегендіктен еліміздің Ата Заңы - Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, БҰҰ «Бала құқығы туралы» Конвенциясын, ҚР «Бала құқығы туралы» Заңын, ҚР «Неке және Отбасы туралы» Заңын, ҚР «Даму мүмкіндігі шектеулі қолдау туралы» Заңын басшылыққа аламыз. «Әлеуметтік педагог» Ережесін және басқа да білім беру мәселесі жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, заң негіздеріне сүйене отырып жұмыс жүргізудемін.

Әлеуметтік педагог ерекше қамқорлықтағы балалармен бірге жұмыс істегендіктен, оқушыға да ең жақын адам болатыны сондықтан. Мақсатым – оқушылардың қабілетінің дамуына мүмкіндік жасау. Олармен әңгімелесе отыра жас еркешелігіне қарай сұхбаттасып, әңгімеге тартып, алға басқан қадамын мақтап, білімге деген ынтасының артуына дәнекер болу. Ерекше қамқорлықтағы оқушылардың көбі тұйық, өзін ортадан тыс сезінеді. Сондықтан, олардың мінез – құлқында ерекшеліктер болады. Әр баланың ішкі дүниесі мен санасындағы ойларын оқу оңай емес, әрине. Оларға ата – ананың, ұстаздардың қолдауы әбден қажет.

Әлеуеттенуге мұқтаж жандарды өмірге бейімдей отырып, олардың да есейіп, күні ертең азамат болып қатарға қосылатынын айтамын. Бастауыш сынып оқушыларымен қалауы қандай деген сұрақтарға жауап іздейміз. Балалардың қалауы әртүрлі. Біреуі – табиғатты ұнатады, сол себепті үнемі табиғаттың суретін салады. Бір оқушы – ата – анасымен үлкен қалада тұруды армандайды. Қымбат көлік жүргізісі

келеді. Енді бірі – көп сыйлық алғанды қалайды. Енді бірі кәсіпкер болғанды қалайды. Оқушылардың әр сұрағына жауап беріп, армандарының орындалуы үшін ең алдымен болашақта кәсіби маман болуы қажеттігін айтып беремін. Адам армандарына жету үшін сабақты жақсы оқуға, үлгілі болуға, шығармашылық қабілетін дамытуға міндетті екенін естеріне саламын.

Ата – аналарымен кездесіп, баласының арманының ұшталып, оған қол жеткізуге көмектесу керектігімен бөлісемін. Ерекше балалар жаны өте нәзік келеді. Олар үшін қабақ түйгенінің өзі іштей күйзеліске алып келеді. Күйзелістен шығуы үшін оқушыларды мерекелік шараларға, тәрбие сағаттарында қатыстырып, өзін дәлелдеуі үшін өлең оқып, би билеп қабілетін танытуға, бір – біріне пән бойынша сұрақтар қойып, оған жауап іздеп танымдық ой - өрісін кеңейтуге тырысамын. Әр бала – жеке тұлға. Мемлекетіміз бұл топтағы жандарды қамқорлығына алып, олардың білім алуына, мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына қамқорлық жасауда. Болашақта әр өрен өз орнын табу үшін оларды мектепте сапалы білім пен тағлымды тәрбие бере алсақ қана, олардың арман – мақсатының орындалуына сарп еткен уақытымыз зая кетпейді.

Әлеуметтік педагог – өсіп келе жатқан тұлғаның мүддесін, заңдық құқын қорғаушы. Әлеуметтік педагог - сырттан бақылаушы емес, ол балалар мен ересектердің бірлескен қызметінің тікелей қатысушысы, сонымен қатар – бұл қызметтің жетекші ұйымдастырушысы. Мүгедек балалармен жұмысқа келетін болсам, мектеп жасындағы балалардың ата – анасымен жеке сөйлесіп, әлеуметтік – тұрмысымен танысамын. Үйлеріне барып, баламен сөйлесіп, қызығушылығын анықтаймын. Олардың уақытын тиімді іспен айналысуына, ата – анасының ұсыныстарын тыңдап, бала жастан оның тұлға болып қалыптасуына бірлесіп тәрбиелеудің маңызын айтамын.

«Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет», ауылымызда тұрмысына көмекті қажет ететін қариялармен кездесіп, хәл – жағдайын сұрап тұру. Оқушылармен бірге бүгінгі және болашақтағы ауылды көркейту туралы әңгімелер айту арқылы жасөспірімдерді туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, қариясын сыйлайтын ұрпақ тәрбиелеуге атсалысу да әлеуметтік педагог жұмысының бір тармағы. Осындай келелі істерді бірге атқарып, педагогтармен бірге әлеуметтік мәселені жолға қоюда мектеп директоры мен ауыл әкімі үнемі жақсы істердің жаршысы болып келеді. Әлеуметтік жағынан ерекше оқушыларды ынталандырып, олардың білімдегі жетістіктерін қолдап, демеушілік жасап келе жатқан ауылымыздың кәсіпкерлеріне мың алғыс! Кәсіпкерлердің бұл қолдаулары – балалардың болашағына салынған қайырымды жолы деп білеміз. Балалардың санасына ұлттық құндылықтар мәйегін сіңіріп, болашақта өмірден өз орнын адаспай таба алатындай дәрежеде тәрбиелеу – ұстаздардармен қатар әлеуметтік педагогтің парызы деп білемін.

**ДҮЙСЕНОВА Индира Касымбековна,
А. Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім
беретін мектептің әлеуметтік педагогы.
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,
Арыс ауылдық округі, Мақталы ауылы**



«Әке беделі – ұлт абыройы»

Талғар ауданы, І.Жансүгіров атындағы №37 жалпы білім беретін мектепте «Әке беделі – ұлт абыройы» - атты әкелер форумы өтті. Форум арқылы қоғамда әкелердің алатын орнын, оларға деген құрметті, сондай – ақ әкенің отбасындағы бала тәрбиесіне деген үлесін айқындау. Заман алға қарай жылжыған сайын адамның қоғам алдындағы міндеттері де күрделене түсуде. Жаңа технологиялар дамып, отбасы мүшелерінің барлығы дерлік телефонға қадалған шақта бала тәрбиесі елеусіз қалуда. Әке де, ана да жұмысбасты болып, отбасында ұл – қызымен жақын араласуда қалып барады. Мұны өмірден алынған мысалдарға сүйеніп айтып отырмын. Ұлттық тәрбиені отбасынан алыстатпай, балалармен жақын араласу, олармен ұзағырақ әңгімелесу, мінез – құлқына көңіл бөлу, мінезіндегі өзгерістерді байқап, әке – ұлына, ана – қызына қолдау көрсетіп, мейірім таныта білу – ежелден халқымыздың үрдісінде бар қасиет. Алайда, сол қасиетті сақтап қалу маңызды болып отыр.

Форум «Әжелер» ансамблінің орындауындағы әндермен ашылды. Мектеп директоры Аманжолов Данияр Тайжанұлы сөз сөйлеп, отбасындағы әкелердің, мектептегі ер мұғалімдердің ұл – қызы, шәкірті алдындағы жауапкершілігіне тоқталды. Форумда көрсетілетін әр ойынның тәрбиелік мәні, тағылымы балалар мен жасөспірімдерге өнеге болатынын айтып өтті.

Алматы облысы, Талғар ауданы, Жаңалық ауылдық «Алаш Арыстары» мешітінің бас имамы Исабаев Руслан Амангелдіұлы ата – ана, мектеп пен әкімшілік және дін өкілдерінің бірлесіп, ұрпақ тәрбиесі үшін атқарып келе жатқан тәрбие жұмыстарының нәтижесіне тоқталды. Әкелер форумын ұйымдастырған Джабаева Айнур Тынышбекқызы көпшіліктің алғысына бөленді.



Әке бала үшін ерекше, ешкімге ұқсамайтын тұлға. Сондықтан, ол – нағыз жігіттің төресі, сегіз қырлы жан болуы қажет. Өз мамандығынан тыс ұлттық салт - дәстүрлерімізді сақтайтын, ұлттық ойындар мен қол-өнерді дәріптейтін, өнерлі, бар білгенін ұлы мен қызына үйрете алатын жан. Міне, осы айтылғандарды ортаға салып, шеберлік сабақтары өткізілді. Айталық, бастауыш сынып ұстаздарының ұйымдастыруымен оқушыларына арналған «1000» асық терапиясы туралы айтылып, форумға қатысқан әкелер асық ойнай отыра, оған талдау жасап өтті. Әр әке ұл – қызын ұлттық спорт ойындарына қатыстыру арқылы шынықтырып, ептілігін шыңдап, денсаулығы мықты болып өсуіне ықпал ететіні де сөз болды.

Келесі алаңда қол күресі, кір тасын көтеру, асық ату, қазақша белдесуден әкелер алдына жан салмады. 100 ұстаздың орындауындағы «Қасық биі» де көпшілікті қызықтырды. Еңбек пәні мұғалімдері қамшы өру, асық бояу, асыққа қорғасын құю, үлкен асық макетін жасау, гипстен асық құю тақырыптары бойынша шеберлік сыныптарын өткізіп, әр істің мән – жайын әңгімелеп берді.

Форумды өткізудегі мақсатымыз – «Әкелер мектебі» жобасының орындалуына қолдау көрстеу, отбасылық тәрбиеде әке беделін арттыру мен ұлттық ойындарымызды балалар мен жасөспірімдер арасында қайта жаңғырту. Алдағы уақытта отбасы институтын қалыптастыруға біздің әкелер форумының қосатын үлесі қомақты болады деп білеміз.

МУСТАФИНА Сандуғаш Азезқызы,
«Игілік» журналының
Алматы облысы бойынша өкілі.
«Батыр шапағаты»,
«Ұлт жанашыры», «Ана жүрегі»
төсбелгілерінің иегері

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ - МЕКТЕПТЕГІ МАҢЫЗДЫ МАМАН



Бүгінде, еліміздің барлық мектептерінде әлеуметтік педагог жұмыс істейді. Оның басты міндеті – бала құқығын қорғау, әлеуметтік жағынан оқушылардың отбасында, көшеде, мектепте қорғалуын қадағалау. Денсаулығына зиян келетін әрекеттерден сақтау. Тұрмысы төмен отбасыларының жағдайымен танысып, балалардың мектептен қалмай сабаққа келуін назардан тыс қалдырмау. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларына қайырымдылық көмектер берілуіне ұйытқы болу. Әр сыныптағы балалардың жас ерекшелігіне қарай құрбыларымен бір дәрежеде мектепшілік тәрбие сағаттарында өзін шығармашылық жағынан танылуына көмектесу, ата – анамен үнемі байланыста болып, ұл – қызының бір күндік тәртібінің жақсы, сабаққа қатысуы мен сабақ кезіндегі белсенділігін айтып, олардың да мектепке келіп, балаларының қабілетін көріп, бірлесіп жеке тұлға қалыптастыруға еңбек етуіне. Әлеуметтік педагогтің жұмысы қызық әрі өте жауапты. Ол – өз жұмысында Қазақстан Республикасының Ата Заңын басшылыққа ала отырып, отбасы мен бала құқығын қорғауға арналған заңдарды жетік білуі қажет. Әсіресе, бала құқығын қорғауды басты міндеттерінің бірі санайды.

Айталық, бала денсаулығына келсек, көп ата – аналар баланың тамағы тоқ, қалағанын жейді дейді. Бірақ, қандай тамақ жеп жатыр, дүкеннен сатып алатыны қандай тағам түрлері, үйде де зиянды тамақтарды қолданбау дегенге мән беріле бермейтінін көріп отырмыз. Ата – аналарға ұсыныс ретінде «Бала денсаулығы сізге қаншалықты маңызды?» - деген тақырыпта семинар өткіздім. Семинарға әлеуметтік педагогтармен қатар ата – аналар, ауыл адамдары, оқушылар қатысты. Тақырыпты талқылау кезінде арнайы зертханаларда сынама алынып,

адам ағзасына зиянды деген тағамдар атап өтілді. Әсіресе, бала денсаулығына өте зиянды газдалған сусындар, қақталған (чипсы, кириешки, тез дайындалатын тамақтар, т.б.) құрғақ тағамдар, фастфудтар мен тәттілер аталды. Аталған тағамдар еркін саудада жүргендіктен, оларды баласы күнделікті қаншалықты пайдаланады, соны қадағалау қажеттігі ұсынылды.

Әлеуметтік педагогтің мектепте оқушылармен, ауылда ерекше қамқорлықтағы балалардың ата – анасымен сөйлесіп, баланың білім алуы үшін мектептен қалмауын, сабаққа қатысуын, оқу үлгерімін, оның мектептегі кезінде өзін еркін сезінуін, ыстық тамақпен қамтылуын күнде тексеріп отырамын. Мектебімізде құрылған «Еріктілер» тобының жетекшісі И.Жаримбетовамен бірге де-меушілердің қолдауымен ауылымыздағы жалғызбасты аналарға көмек қолын созып, аулаларын тазалауға көмектестік. Осы бір қайырымдылық арқылы мектеп оқушыларына волонтерлердің кім екенін, олардың жұмыстарының бағытымен таныстырып, қоғамдағы маңызын іспен көрсете білдік деп ойлаймын.

«Бігер істің басына жақсы келер қасына», - деген халық даналығы да бүгінгі біздің ауыл адамдарындай ұйымшыл, тату – тәтті тұрып жатқан ынтымағы жарасқан жандарға арналса керек. Өнегелі ісіміз, адамдар арасындағы бауырмалдылық, сыйластық, еңбекқорлық пен Отансүйгіштік қасиеттерімен бала отбасында ата – анасы арқылы нәрленсе, мектепте ұстаздан алған біліммен биіктерді бағындыруға ұмтылады. Бала жастан үйренген игі дәстүрлерді, ұлттық құндылықтарымыз санасына сіңіріп, тәрбиеленсе, ертең өмірге қадам басқанда, өмірін елімізді жаңа бағытта жаңа технологиялармен жабдықтауға арнайды. Ата – ана да, ұстаз да, әлеуметтік педагог та алдында күн нұрындай жайнаған ұл – қыздарынан, шәкіртінен үміт күтеді. Сенім артады. Жауапкершілік жүктейді. Болашағын тапсырады. Міне, біз ерекше балаларды тәрбиелеп, олардың өз алдына жеке тұлға болуына барынша қамқорлық көрсетіп, болашақта сенімізді ақтайтын азамат болып өсуіне ата – ана, ұстаздар жауаптымыз деп білемін.

**АЛПАМЫСОВА Кулпынай Жандаралиевна,
А.Асқаров атындағы жалпы
білім беретін мектептің
әлеуметтік педагогы,
Түркістан облысы Түлкібас ауданы**



Қазақстанның Конституциясы алғаш рет Брайль әліпбиінде жарық көрді

Бүгін Конституциялық Сот алғаш рет Брайль шрифтімен мемлекеттік және орыс тілдерінде басылып шыққан Қазақстан Республикасының Конституциясының тұсаукесерін өткізді.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Қазақстанның Ата заңының мәтінін көру қабілеті нашар немесе зағип азаматтар үшін Брайль шрифтіне (бедерлі-нүктелі тактильді шрифт) аудару жобасын ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кеңсесі және Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жарық көрді.

Тұсаукесерге Қазақстанда аккредиттелген шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың елшілері, Парламент депутаттары мен мемлекеттік органдардың, Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары мен ғылыми қоғамдастық өкілдері қатысты.

Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова қолжетімді ортаны құру барлығының заң алдындағы теңдігі мен сот төрелігіне қол жеткізуінің конституциялық кепілдіктерінің негізін құрайтынын атап өтті. «Әділетті Қазақстан» саясаты мемлекеттің адам құқықтары мен бостандығын қамтамасыз етуге және кемсітпеуге бейілділігін растайды. Конституциялық Сот Конституцияға және Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес әрбір адам үшін теңдік, қадір-қасиет және әділдік қағидатын ілгерілетуді жалғастыруда. Конституция мәтінін Брайль шрифтімен басып шығару – бұл біздің осы саясатты ілгерілетуге қосқан үлесіміз», – деп атап өтті Азимова.

Өз кезегінде, ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кеңсесінің басшысы Фолькер Фробарт Қазақстан Конституциясының мәтінін Брайль шрифтімен басып шығару қазақстандық конституциялық бақылау органының құқық қорғау құндылықтарына және ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге инклюзивті көзқарасқа бейілділігін көрсететінін атап өтті.

Қазақстан БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары ту-

ралы конвенциясының қатысушысы болып табылады, ол қатысушы мемлекеттерді мүгедектігі бар адамдарға ақпаратқа, білімге қол жеткізуді, заң алдындағы теңдікті және тең құқықтық қорғауды, сондай-ақ сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы адам өмірінің барлық аспектілеріне жан-жақты қатысу мақсатында тиісті шаралар қабылдауға шақырады.

Брайль әліпбиімен шығарылған Конституция мәтінінің басылымдары 56 мекемеге, соның ішінде



республикалық және аймақтық кітапханаларға, оқу орталықтары мен мамандандырылған мектептерге беріледі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес Қазақстанда көру қабілеті бұзылған 160 мың адам тұрады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша Қазақстанда 85 мың зағип адам, 4000 – нан астам көзі нашар көретін балалар, олардың 350-ге жуығы зағип балалар.

Қазақстан Республикасының Конституциялық сотының ресми сайтынан.


Қажымұқан жайлы біз білмейтін дерек көп



«Дақты балуан, қара күш иесі – Қажымұқан Мұңайтпасұлы әлемнің 24 елінде белдесіп, сол кезеңдегі спорт биіктерінің барлығын бағындырады. Осылайша, көзі тірісінде аңыз адамға айналған балуан өз отанының нағыз патриоты ретінде тарихта қалған».

«1927 жылы Орынбор қаласында өткен одақ чемпионатында ауыр салмақта бас жүлдені иеленген кезде балуан елу алты жаста екен. Сол жылы денешынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті президиумының арнайы шешімімен Қажымұқанға «Қазақ даласының Батыры» деген құрметті атақ берілді».

Өскелең ұрпақ балуан ағамыздың өмір тарихына қатысты кез келген ақпараттың мәнісін білуі, өтірік пен шынның аражігін ажырата алуы керек. Ертеңгі тарих біржақты ақпаратпен жазылып кетпегені жөн. Сондықтан да бұл әңгіменің мән-жайын айтуға тиістімін деп санаймын. Мәселе былай болған. ҚР мемлекеттік архивінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Марат Қосанов архивтен Қажымұқан ағамыздың сол кездегі Жоғарғы Кеңес төрағасы Ә.Қазақбаевқа,



«Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты ХХ ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды».

**(«Уикипедия»
ашық энциклопедиясы**

СовНаркомның басшысы Н.Оңдасыновқа жазған хаттарын тауып, жариялайды. Онда расында да Қажекең талғажу етер, тамақ болар мал сұрайды. Бірақ, бұл хатты балуан бабамыздың айналасындағы ағайын жазды деп ойлаймын. «Балуан бабамыз ертең олай-бұлай боп кетсе, шиегтей бала-шағаны қалай бағамыз? Баба беделін пайдаланып сауын сиыр, ет болар қой алып қалайық», - деген ниетпен жазғаны анық.

Себебі, Қажекең өмірінде таршылық көрмеген адам. Керісінше ел аралап өнер көрсеткенде тапқан табысын сол ауылдағы жетім-жесірге, кедей жақыбайға таратып беріп отырған. Аса қиын уақыт дейтін соғыс жылдарында өз қалтасынан 100 мың рубль ақша шығарып жауға қарсы шабуыл жасасын деп ұшақ жасатқан адам емес пе?! Осы мәрттігі үшін Сталиннің өзі хат жазып, алғыс айтқан.

Бұны аз десеңіз, балуан бабаның көзін көргендер, сол кездегі шаруашылық басқарған азаматтардың баяндауынша колхоз Қажекеңді аш қалдыратындай жағдайда болмаған. Олардың бәрі де бір кісідей «Үкімет үй салып беруге ғана үлгермеді. Ал, ішім-жемнен балуан таршылық көрмеді», - дейді. Тіпті Қажымұқан бабамыздың жеке дәрігері болған Ахмет Бектаевтың да естеліктерінде балуанның ішім-жемі жеткілікті болғаны айтылады. Мұның бәрі де кезінде Ордабасы аудан-

дық «Ордабасы оттары» газетінде бірнеше рет жазылды.

Сағынғали ағамыздың шырылдауы негізсіз емес. Мысалы, белгілі ақын Әбілда Тәжібаев Қажымұқанды алғаш көрген кезін баяндай келе өз естелігінде «Қажекең етті қалай сыпайы жейді. Табақта келіндерге деп арнайы сарқыт та қалдырды. О баста дене бітіміне қарап қалай тойындырар екенбіз деп уайымдап едік. Сөйтсек, өзіміз қатарлы ғана ішіп-жейтін кісі екен ғой», - дейді.

Қажымұқан бабамыз жайлы көп айтыла бермейтін деректердің қатарында оның алашордалықтармен одақтас болғаны да бар. Кеңестік саясат, сол заманның жүйесі халықтың қалаулы ұлына айналған Қажымұқанға қатысты осы бір деректерді тарихтан әдейі өшірген сияқты. «Қуғынға түспеу үшін жасалған болар», - деу де қисынға келмейтін тәрізді. Себебі, балуан бір кісідей-ақ қуғын көрген адам. Ал, оның ұлттың бетқаймақтары Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жұмат Шанин сынды арыстармен иық тірестіре қатар жүргені көп айтылмайды. Әйтпесе, Қажымұқан өмірін зерттеушілердің айтуынша ол тапқан табы-

Палуандықтан айтайын біраз дастан.

«Орыс балуан» атанып он екі жыл Жиырма төрт патшалықтың жерін басқам.

Қаласын кездім талай дүниенің,

Таныттым мені туған қазақ елін.

Үстімнен жүкті автобус жүрген уақытта

Сонда да қайыспаған қайран белім», - деп өлеңдеткен балуанға қатысты жұрт арасында дау тудыратын тағы бір дерек оның қалай қажы атанғаны.

Бірі «Меккеге барып құлшылық етпеген», - десе, енді бірі бұл деректі жоққа шығарады. Десек те, біздің тарихымызда кеңестік жүйенің ықпалымен талай өңдеу, түзету, мәліметті өңін теріс айналдырып беру факторлары болғаны ақиқат. Бұл әрекет дінге қарсы да жасалды емес пе?! Мұсылманшылыққа тиым жасалған шақтың кесірі дінге мойынсұнғандар туралы мәліметтердің де жоқ боп кеткеніне таң қалмаймыз.

Анығы сол, Түркиядағы әйгілі белдесуде шаршы алаңға балуан бабамызды «Қажы Мұқан» деп жар сала шақыруы. Ал, өз заманында дініне берік, дінге қатысты мәртебе, ұлықтау рәсіміне қатал қараған түрік ағайынның қазақтың балуанын тектен тек ортаға Қажы атағымен шақырмасы белгілі. Сол белдесуге Қажымұқан бабамыздың Меккеден келе жатып барғаны тарихта анық жазылған.

Балуан әлемдік аренада алғаш рет 1906 жылы Алманияда өткен дүниежүзілік сайыста жеңімпаз атану арқылы әйгілі болады.

1909 жылы өткен халықаралық жарысқа Қажымұқан Мұңайтпасұлы «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан.

1937 жылы Қажымұқанды «патшаның адамы» деген себеппен қудалаушылар табылып, даңқты балуан Ташкент пен қазақтың Оңтүстігін паналайды.

Ғалым, профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың жазбаларында Қажымұқанның салмағы – 174 келі, бойы – 195 см, кеудесінің аумағы – 146 см, балтырының аумағы – 49 см, мойнының жуандығы – 56 см, бас аумағы – 65 см, ортаңғы саусағының

ұзындығы – 14 см, ортаңғы саусағының жуандығы – 10 см, үстіңгі және астыңғы еріндері – 12 см, аяқ киімі 54 өлшемді деп көрсетілген.

**Жәмила МАМЫРӘЛІ,
Шымкент келбеті.**

Фотосуреттерді ұсынған:

**Жандос Қарынбаев – қазақ-поляк тарихи байланыстары тақырыбын зерттеуші ғалым,
PhD кандидаты
nationalgeographic.kz**



сынан «Алаш» партиясына ақша аударып, ұлт зиялыларының ойға алған мақсат-мүдделерінің жүзеге асуына қаржылай қолдау жасап отырған.

Жалпақ жұртқа белгісіз тағы бір қыры Қажымұқанның ақындығы. Сахна сәні-әншілік өнерді жоғары бағалағаны да бәріне бірдей мәлім емес. Бұл орайда тарихшылар балуанның Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Майра Уәлиқызымен жақын дос бола білгенін, бұл достық олардың өнерге деген жанашырлықтары арқылы өрбігенін айтады.

«Қажымұқанмын қазақта күшім асқан,

Қазақ көтерген көне байрақтар

4 маусым – Мемлекеттік рәміздеріміз қабылданған күн. Көк Туымыз бен Елтаңбамыз әлемдегі ең әдемі сиволикалық белгілердің бірі саналады. Сонымен қатар қос рәмізімізде де елдің өткені мен болашағын байланыстырып тұрған сан түрлі символика мен элементтер астасып жатыр. Ту – қазақ үшін қастерлі дүние саналады. Сол үшін атам қазақ туға маңдайын тигізіп құрмет көрсеткен. Қазақ туды сүймейді, бұл ғұрып – орыстық-еуропалық әскери дәстүрден ауып келген.




Қазақ туға маңдайын тигізеді Ұлан-ғайыр далада үстемдік құрып, бірнеше мәрте алып империя құрған сақ, ғұн, сармат секілді түрік тайпалары өз заманында аманат пен антқа адалдық, опасыздық және қиянаттан сақ болу, бұйрыққа бағыну әрі оны сөзсіз орындау секілді құндылықтарға негізделген мызғымас әскери тәртібімен ғана емес, өте айбынды мемлекеттік нышандарымен де ерекшеленіп көрінетін.

Зерттеушілердің айтуынша, ежелгі сақ, ғұн, сармат тайпаларының байрақтарында айдаһар белгісі болған. Сақтардың әскери байрақтары айдаһар бейнесінде болатынын грек тарихшысы Флавий Аррианның жазбаларынан да байқауға болады: Аррианның алан тайпаларының әскери белгілері сөз етілген «Тактика» атты еңбегінде «олар түрлі-түсті құрақтардан құралып тігіледі, оның үстіне басынан бастап құйрығына дейін барынша қорқынышты болып көрінетіндей етіп, жыланға ұқсатып жасалады. Оның мәні мынада. Аттар тыныш тұрған кезде төмен қарай төгіліп тұрған түрлі-түсті құрақтарды көресің, ал қозғалған кезде олар желдің күшімен аталған хайуанға ұқсап, жылдам қозғалған кезде тіпті ұзына бойынан өтетін күшті желдің әсерінен ысқырған үн шығарады. Бұл оларға көне скифтерден келген» деген деректер кездеседі (Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы Дала тарихы. III том).

Сол секілді римдік тарихшы Валерий Флакк пен V ғасырда өмір сүрген армян шежірешісі Мовсес Хоренацидің жазбаларында айдаһар белгісін алғаш рет скифтер пайдаланғанын, кейін аландарға өткенін жазады. Жазбалардың барлығында да айдаһарға ұқсаған

бұл белгілердің жел соққанда қатты ысқырық шығаратынын атап өткен.

Көшпелі далада сақ, ғұн және сарматтардан кейін үстемдік құрған ежелгі түркі тайпаларының жоғары лауазымды әскери қолбасшылары бөрі бейнеленген (бөрілі байрақ) байрақ көтерді. Белгілі түрколог-ғалым Л.Н. Гумилевтің «Көне түріктер» деп аталатын зерттеуінде қытай мұрағаттарында «найза, қылыш, алдаспанмен қаруланған таңдаулы түркі жауынгерлері



«фули», «бури» («қасқырлар», «бөрілер») деп аталғаны туралы деректер кездесетіні туралы жазады.

Айтпақшы, VII ғасырда тасқа қашалып жазылған атақты Күлтегін жырында да «Тәңірі қуат берген соң, Әкем қағанның әскері бөрідей бопты», - деп келетін жерлері бар. Қазақтың ұлы ақыны Сүйінбай Аронұлы: «Бөрілі басы – ұраным, Бөрілі – менің байрағым. Бөрілі байрақ көтерсе, Қозып кетер қайдағым», - деп

бөріні ұран етіп жырлаған Бөрілі байрақтың таза алтыннан құйылған бір нұсқасы бүгінде Эрмитажда тұр. Баға жетпес бұл мұраны кезінде Оғыз қағанның өзі құйдырыпты деген деректер бар.

АЛАША ХАННЫҢ АЛАШҰБАР ТУЫ

Алаша хан алты Алаштың арғы ата-тегі, қазақ ұлысының бастауы деп есептеледі. Ел аузында сақталған аңыздар бойынша Алаша хан Еуразия кеңістігінде ары-бері көшіп-қонып жүрген түркі тайпаларының басын біріктіріп, тұңғыш Алаш мемлекетін негізін қалаған тұлға болған. Әрі алғаш жылқыны қолға үйреткен адам саналады. Күллі түрік тайпалары Алаша ханның алашұбар туының астына жиналыпты деседі.

Алаша ханның нақты ата-тегі белгісіз. Бір шежірелерде Бұхараның ханы Қызыл Арыстанның ұлы делінсе, тағы бір жерлерде Абдолла ханның мұрагері деп көрсетіледі. Абдул-Азис тіптен Алаша ханды Нұх пайғамбардың ұлы немесе шөбересі деп жазып жүргендер де бар. Яғни нақты дерек жоқ. Ауызша тараған аңыз-әңгімелер ғана бар. Белгілі орыс ғалымы Левшин халық арасындағы осындай аңыз-әңгімелерді топтастыра келіп Алаша ханды үш жүздің басын қосқан алғашқы хан деген қорытынды жасайды. Шоқан Уәлихановтың пайымына салсақ, Алаша хан – XIV ғасырдың орта тұсында өмір сүрген адам. Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» еңбегінде «Алаша ханның жалпы хандардың бабасы, моңғол-татардың атасы деп көрсетілген. Яғни Еуразия кеңістігіндегі көшпелілерінің ең алғашқы билеушісі дейді. Бұл деректерден Алаша ханның өте көне замандардың (шамамен б.з.д. V-III мыңжылдықтар) жаңғырығы екендігін аңғаруға болады.

Алашұбар ту ұстау дәстүрі бертінге дейін жалғасқан. Амангелді бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушылар да алашұбар тудың астына жиналғанын білеміз. Зерттеушілердің айтуынша, бұл ту Амангелдіге атасы Иман батырдан қалған. Шәкерім Құдайбердіұлы да қазақта шұбар ала ту болғандығын айтқан.

Алтын орда және Ақ Орда дәуірінде ақ ту көтеру салты болған. Бұл туда Шыңғыс әулетінің таңбасы – тарактың белгісі бейнеленген. Кейін оған ай белгісі қосылған. Біздің шамалауымызша, бұл белгі Өзбек ханның (1312-1342жж.) тұсында қосылуы мүмкін. Өйткені, дәл осы Өзбек ханның тұсында ислам діні мемлекеттік дін деп жарияланды.

Бұл үлгі Анжелино Дулцерт атты италия картографының 1339 жылы құрастырған картасынан алынған фото болса керек. 1375 жылы Абраам Крескес құрастырған каталандық атласта да тура осыған ұқсас жалау бейнеленген.

Бүгінгі таңда қазақ мемлекетінің негізін қалаушы Керей мен Жәнібек көтерген ту деп көрсетіліп жүрген тудың түсі көк. Ортасында ауыз-екі тілде бақыт кулоны немесе мәңгілік түйін (узел счастья, узел вечности) деп аталатын белгіге ұқсас өрнек (негізі бұл белгі тибет және моңғол халқына тән белгі еді – Б.Н.) пен үш



жұлдыз бейнеленген.

Бір қызығы, зерттеушілер тарихи деректерден көк ту туралы мәлімет кездеспейтінін айтады. Барлық деректерде түрік жұрты көтерген тулардың ішінде ақ түспен бірге қызыл, жасыл түстілері болғандығы айтылады.

Абылайдың ақ туы деген тіркес бар. Жазба деректерге қарасақ, Абылай хан көтерген ту көлемі 2 шаршы метрлік ақ жібек матадан жасалған делінеді. Оған жылқының қылынан жасалған шашақ тағылыпты. Көптеген деректерде қыпшақтардың да туы ақ болғаны айтылады. Қаракерей Қабанбай бабамыз бен Оспан батырдың да жеке байрақтарының түсі ақ болғанға ұқсайды. Тарихшы Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» атты еңбегінде қазақтың Оннан ханының туы ақ түсті болғаны жазылған. Тарихи кітапта «Есім хан ұзын бойлы, денелі кісі болған соң «Еңсегей бойлы ер Есім», - деп дәріптеледі екен. Орыс ханның қызыл туы осының қолында қалған. Сығай ханның екінші әйелінен екі ұлы бар: Сейітқұл және Оннан хан. Бұл Оннан батыр болып, қызыл ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген. Ақ тулы төрелер қайда жүрсе де, Оннан тұқымы болып есептеледі. Есім хан ұлы Жәңгірхан, ұлы Тәуке хан бір әйелден жеке. Мұның ұлы Полат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбілфайз хан қызыл тулы төрелердің бабасы саналады. Полат баласы Әбілмәмбетке қызыл ту беріп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға уәли (басшы) қойған. Соңынан Абылай хан өз қабілетімен Орта жүздің бәріне, Ұлы жүздің көбіне, Кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атаулыдан басым болғандықтан,

үш жүздің ханы деп аталған. Жасыл тулы төрелердің бабасы болады» деген дерек келтіреді. Бұл жасыл туды кейбір зерттеушілер «көк ту» деп тәпсірлеп жүргенін байқауға болады. Көк ту туралы әңгімелер осыдан шықса керек. Айтпақшы, қазақтың соңғы ханы Кенесарының туының түсі де жасыл болған.

АЛАШ ОРДА ТУЫ ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстарының көтерген туы туралы талас көп. БАҚ беттері мен ашық ғаламтор жүйелерінде Алаш Орданың туы деп бірнеше тудың нұсқасы жүр. Олардың арасында «Жасасын Алаш автономиясы!» және Құран аяттарының бірі жазылған жасыл ту бар. Бұл ту былай қарағанда Сауд Арабиясының мемлекеттік туына ұқсайды. Екіншісі Түркия туына ұқсас алқызыл ту, ай мен жұлдызы сары түске боялған туды да кезіктіруге болады. Бір жерде Шығыс Түркістанның туын Алаш Ордаға телініп жүр.

Алайда бұлардың барлығы да Алаш Орданың туы емес. Белгілі зерттеуші Сұлтан-Хан Аққұлұлының айтуынша, Алаш автономиясының өз Елтаңбасы, Туы болған. «1918 жылдың маусымында Алаш қаласында Алаш полкінің тұңғыш шеруі болған кезде олар қолына Ақ ту ұстап шыққан, оны сол кезде орыс газеттері де жазған. Алайда бұл ту сақталмаған. Нақты қандай болғанын білмейміз. Ту сақталуы мүмкін. Болса сол РФ-ның мемлекет қамқорлығындағы мұрағаттарында, жәдігерлер сақталатын қорда жатуы әбден мүмкін. Ол қорда Кенесарының бас сүйегінен бастап, Кенесары әскерінің тулары, қарулары, оның ішінде Кенесарының қанжары, өзі ұстаған «Құран Кәрім» кітабы, т.б. еш жерде жоқ жәдігерлер бар. Олардың ішінде «Алаш Автономиясына» қатысты тудан басқа да бізге белгісіз жәдігерлердің болуы әбден мүмкін», - дейді ол.

БАЙРАҚ ПЕН ТУ – ЕКІ БӨЛЕК ДҮНИЕ

Байрақ пен ту – көшпелілердің мемлекеттілігін айқындайтын басты нышандарының бірі. Бірақ екеуі екі бөлек дүние. Қазақтың қару-жарақтарын зерттеуші ғалым Қ.Ахметжановтың айтуынша, «байрақ тудан бұрын пайда болған. Ол – хандық биліктің, әскери лауазымының, батырлық дәреженің символдық белгісі, жеке адамдардың белгісі. Бұл белгі патшалар, әскербасылар жүрген жерде көтерілген. Қолбасшылар бұл байрақтармен шайқаста түрлі тактикалық белгілер беріп, айқасты басқарып отырған» дейді. Байраққа көбіне тотемдік белгілер аңдар мен құстардың (жылан бүркіт, бұқа, арқар, т.б.) алтыннан жасалған мүсіндері, жылқының құйрығы сияқты заттар белгіленген.

Тарихшы Жамбыл Артықбаев «Төрелер шежіресі» кітабында «Ту дегеніңіз – көбінесе үлкен матадан жасалып не найзаның басына, не арнайы бақанға байланған рәміз. Тудың желегіне араб жазуымен жазылған Құран сөздері болады, бірақ сурет салына қоймайды» деп атап өтеді. Ежелгі туларда көбіне «айдаһар» мен «көк бөрі» бейнеленді. Кейін ислам дінінің әсерінен «ай», «жұлдыз» секілді белгілер пайда болды. Тудың түсі жасылға өзгеріп құран аяттары жазылатын дәстүр пайда болды.

Ал жалау дегеніміз найзаға немесе дулығаға тағылатын жаугершілік белгі болған. Ол әскердің, қосынның айырым-белгісі саналған.

Ту қашан да қасиетті дүние саналған. Белгілі зерттеуші Серікбол Қондыбайдың тілімен айтсақ, ту - тірі жанды сипатқа ие мифологиялық кейіпкер. Ту ұстаушы адам Туғаш деп аталған. «Ту – әскери магияның аса маңызды нысандарының бірі. Қазақта «ту қандау» деген әскери ғұрып бар. Жер тағдыры, ел тағдыры сынға түскен шешуші шайқастардың алдында ақ боз атты құрбандыққа шалып, ақ туға оның қанын жаққан. Қазақ туды сүймейді, бұл ғұрып – орыстық-еуропалық әскери дәстүрден ауып келген. Қазақ туға маңдайын тигізеді. Тулардың тарихи құжаттарда сақталған кейбір атаулары түркілердің туға қатысты түсініктері мен тулардың мәртебелік деңгейлері жөнінен аздап та болса хабар береді.



Мәселен, «Тарихи Рашиди» еңбегінде «түмен тұғ» (туман туг) деген бар, ол – он мыңдық әскердің туы дегенді білдіреді. Осы еңбекте «кушун туг» – «қосын туы» деген әскери тудың атауы аталады, осы тудың өзі «чарбар тұттан» (чарбар тудан) тұрады делінген, тек соңғысының нені білдіретіндігін біле алмадық. Түмен туды ордаби алады, ал ордабидің өзі өзінің екі мулазимиңе қосын туын тапсыруға қақысы бар, соған қарағанда, әр түмендегі екі бес мыңдықтың басшысы осы екі қосын туына ие болуы ықтимал», – дейді ол.

Автор: Бүркіт Нұрасыл
«Qazaqstan tarihu» порталы

СІЗ ТУРАЛЫ



- *Адам ДНК – сы 80000 геннен тұрады.
- *Адамдар ұйықтаса да, ояу жүрсе де жүрегі күн сайын 12 000 рет соғады.
- *Ересек адам минутына шамамен 18 рет тәулігіне 25000 реттен астам дем алады.
- * Адам ұйықтаса да, ояу жүрсе де жүрегі күн сайын 12 000 рет соғады.
- *Адам өмірге келген кезде оның денесінде 300 сүйек болады екен, ал жасы ұлғайған кезде оның саны 260 - ғана қалады екен.
- *Адам ағзасында өмір сүретін бактериялардың жалпы саны – 2 килограммды құрайды.
- *Адамдардың тырнағы 1 аптада 1 миллиметрдей өседі екен. Қолға жабысқан микробтың 95 пайызына дейін тырнақ астында жиналады, оның 1 граммында 380 миллионға дейін микроб болады.
- *Адамның бойының ұзындығы, таңертең ұйқыдан тұрғанда 2 - 3 см ұзын болады.
- *Адам ағзасында ең күшті бұлшық еті – тіл.
- *Адамның жан – жануарлардан бір айырмашылығы бар – тік сызықты сыза алатынында екен.

- *Адам ағзасы 25 жасқа дейін толық жетіліп бітеді. Тек қана мұрын физикалық өлімге дейін жайлап өсе береді екен.
- *Адамның көз алмасы туған уақыттан өмірінің соңына дейін мүлдем өзгермейді.
- *Адамның сүйектері бетоннан мықты.
- *Ең ерекше фобия – селенофобия – Айдан қорқу.
- *Сиам егіздері 200 мың жылда бір рет өмірге келеді.
- *Статистикаға сүйенсек, шашын оңға қайырып тарайтын ер азаматтар, солға тарайтындардан гөрі ұзақ өмір сүреді.
- *Күн сайын біз 100 мыңға жуық ми клеткаларын жоғалтамыз.
- *Төрт жасар бала күніне 400-ге жуық сұрақ қояды.
- *Көзді ашып түшкіре алмайсыз.
- *Адам баласы бүкіл өмірінде 35 тонна тамақ ішеді.

Дереккөздері: rcdo.kz; Newsroom.kz; Stan.kzТерең мағыналы сөздер.

ТІРШІЛІК ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ 3 ТЕОРИЯ

Микробты тіршіліктің алғашқы белгілері шамамен 3,5 млрд жыл бұрын пайда болды. Ғалымдар ең ежелгі тіршілік найзағайдың соққысынан пайда болуы немесе терең тұңғықтағы теңіз қайнарларында тууы мүмкін деп пайымдайды.

Жер миллиондаған жыл бойы ып-ыстық әрі тастақты ғаламшар болған. Мұндай қолайсыз ортада тіршілік қалай пайда болғаны туралы ғалымдарда бірнеше тұжырым бар.

Жер шамамен 4,6 миллиард жыл бұрын қалыптасты да, жүздеген миллион жыл бойы тым ыстық болды. Кометалар мен астероидтар дамылсыз жауып, ғаламшар беті тіршіліктің бірде-бір түріне қолайлы болған жоқ. Ал бір миллиардтай жыл өткенде, тіршілік пайда болып қана қоймай, тасқа айналған цианобактериялар түрінде ізін де қалдырып жатты.

Сонымен, бұл аралықта не болды? Жарты миллиардтай жыл ішінде тіршілік қалай жоқтан пайда болды?

1. ТІРШІЛІК «ЖАЙ ТҮСКЕНДЕЙ» ПАЙДА БОЛДЫ

«Тіршілік пайда болған кездегі атмосфера қазіргіден мүлде өзгеше еді», – дейді Джим Кливс, Хоуард университетінің химия кафедрасының меңгерушісі, «Жаратылыстың қысқа тарихы: ғылым және тіршіліктің төркінін іздеу» кітабының авторларының бірі.

Ол 1950 жылдары Нобель сыйлығының иегері, химик Харолд Юри Күн жүйесіндегі атмосфераларда азот пен метан басым екенін айтқанына тоқталады. Юри ежелгі Жердің де атмосферасы осындай болған, ал оны оттегіге байытқан - тіршілік деп санаған. Ол сондай-ақ бұл көне атмосфера «өмірдің алғышарты бола алатын органикалық қосылыстарды жасауда өте өнімді болған», - деп пайымдаған.

Кливс сөзінің зерттеуші студенті Стэнли Миллерге осы теорияны тексеру үшін тәжірибе жасауды тапсырды. Кейін Миллер-Юри тәжірибесі деп танылып кеткен бұл тәжірибеде зерттеушілер суды қыздырып, оны



сутегі, метан мен аммиак молекулаларымен біріктіріп, жабық жүйе жасаған. Сосын оны электр қуатымен (найзағайды қайталау үшін) соғып, қоспа конденсацияланып, жаңбыр сияқты суға қайта жаууы үшін оны салқындатқан.

Нәтижесі қатты таңғалдырды.

Бір апта ішінде аминқышқылдарды, яғни тіршіліктің іргетасын қалау үшін бірігіп жатқан молекулалар тәжірибелік «мұхитты» қызыл күрең түске бояды.

Кейінгі зерттеулер ғаламшардың бастапқы атмосферасы Миллер жасаған тәжірибедегіден біршама өзгеше болғанын, негізгі компоненттері азот пен көмірқышқыл газы болғанын, ал сутегі мен метан азырақ болғанын көрсетті.

Алайда Миллер алға тартқан қағидаттар кеңінен алғанда жарамды болып қала береді: найзағайдың әсеріне астероид соққылары мен Күннің ультракүлгін сәулелері қосылып, цианид сутегі түзілген, кейін ол жер қыртысынан судың әсерінен шыққан темірмен әрекеттесіп, қант сияқты химиялық заттар түзілген. Бұл химиялық заттар бірігіп, рибонуклеин қышқылы немесе РНҚ тізбектерін, яғни ақпаратты сақтайтын өмірдің негізгі құрамдас бөлігін жасаған болуы мүмкін; сосын РНҚ молекулалары өзін-өзі репликациялай бастап, тіршілік пайда болған.

Осы РНҚ молекулалары қалай қорғаныс мембраналарымен қапталған күрделі жасушалық құрылымдарға айналды?

Мұның сыры коацерваттар - құрамында ақуыздар мен нуклеин қышқылдары бар және бөлшектерін жасушалар сияқты, бірақ мембранасыз-ақ байланыстыра алатын тамшылар – болуы мүмкін; бірнеше зерттеуші

жасаған болжамға сай, мұндай тамшылар ерте РНҚ мен басқа да органикалық қосылыстарда шоғырланған протожасуша сияқты әрекет етеді.

2. ТІРШІЛІК «КӨКТЕН ТҮСТІ»

Тағы бір теорияға сәйкес, аминқышқылдар, сондай-ақ көміртегі мен су сияқты тіршіліктің басқа да маңызды бөлшектері көне Жерге ғарыштан келген болуы да мүмкін. Кометалар мен метеориттерде тіршіліктің дәл сол органикалық негіздері бар екені анықталған; олардың баяғыда Жерді «бомбалағаны» планетамыздың аминқышқылдар қорын байытқан болса керек.

Нобель сыйлығының иегері, Чикаго университетінің «Тіршілік бастаулары» пәнаралық бастамасын басқаратын химик Джек Шостактың айтуынша, астероидтар мен кометалардың рөлін жоққа шығаруға болмайды.

Ол азот пен көмірқышқыл газы құраған ежелгі атмосфера Миллердің сутегі, метан мен аммиак қоспасы тудырған кейбір химиялық реакцияларға қолайсыздау болғанын атап өтеді; астероидтардың бірқалыпты соққысынан атмосферада уақытша сутегі

ультракүлгін сәулелерді қажет ететін бірнеше кезең бар, - деп түсіндіреді ол. – Күннен келетін энергия – бұл тіпті ежелгі ғаламшарымыз үшін ең негізгі энергия көзі. Яғни бірнеше химиялық процесс ультракүлгінсіз жүрмейтін болса, тіршіліктің төркінін мұхит түбінен таппайсыз». Дегенмен тіршілік суда бастау алғаны анық сияқты.

«Химиялық реакция жүруі үшін еріткіш қажет, - дейді Кливс. - Сұйықтық керек. Ғаламшардың беткі жағдайында олардың кейбіреуі ғана тұрақты. Ал тіпті баяғы Күн жүйесінде де ең мол сұйықтық су еді».

Шостактың ойынша, тіршілік мұхит түбінен гөрі, «жер бетінде, таяз тоғандарда немесе ыстық қайнар-көздердікі сияқты орталарда, яғни астероид құлаған немесе жанартаулы аймақтардың айналасында, өте кең таралған орталарда пайда болған» болуы мүмкін. (Расында кең көлемдегі жанартау белсенділігі де тіршіліктің қалыптасуына көп көлемдегі найзағайға себепкер болу арқылы едәуір ықпал еткен болуы ықтимал).

Бүгін жер бетіндегі барлық тіршіліктің шығу тегі бір, яғни баяғыда жоқ болып кеткен белгісіз бір микробтық тіршілік формасы болса да, тіршіліктің өзі нешәтүрлі жағдайда сантүрлі жолмен пайда болып, кометалардың әсерінен жойылып кеткен немесе жалғасын таба алмай қалған болуы мүмкін,

соңында әйтеуір бәрімізге жол ашқан РНҚ негізіндегі молекула орныға алған.

«Бәлкім, шынымен де күтпеген жерден сәті түскен шығар», - дейді Кливс.

ЕЖЕЛГІ ТІРШІЛІК - ӘЛІ ДЕ ЖҰМБАҚ

Тіршілік толық тамыр жайғанға дейін бірнеше рет пайда болып, жойылып кеткен болса, ілкі тіршіліктен ешқандай із қалмағандықтан, шын мәнінде не, қалай болғанын біз ешқашан да біле алмайтын шығармыз.

Тіршілік басқа жолмен де дамып кетуі мүмкін еді: гүлдер де, ағаштар да, динозаврлар да, адамдар да пайда болмауы мүмкін еді. Мұның бәрін түсінудің кілті, Шостактың сөзінше, бір үлкен сұрақтың орнына кішкентай сұрақтардың жауабын іздеу.

«Тіршілік күрделі жүйе болғаны сонша, ең қарапайым бактериялар мен вирустар да мыңдаған быжынап жатқан бөлшектен тұрады. Мұндай нәрсе қалайша жоқ жерден пайда болғанын түсіну қиын, - дейді ол, және жауабы да сол: Ол «жоқтан» пайда болған жоқ, бәрі бірте-бірте қалыптасты».

Кирен Малвени
nationalgeographic.kz

Иллюстрация: Gregoire Ctrade,
Science photo library



мен метан қалыптасқан болуы мүмкін, ал бұдан қосылыстар түзілетін уақытша жағдай туады.

Бұны Шостак: «өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын жағдай» дейді.

3. ТІРШІЛІК — «СУ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН ТАС»

Ал үшінші теорияға сай, тіршілік мұхиттың тереңінде, теңіз түбіндегі гидротермалық көздердің айналасынан шыққан болуы мүмкін, бірақ Шостак бұл гипотезаны теріске шығарады.

«Егер қарапайым бастапқы материалдардан нуклеотидтер мен РНҚ-ға дейінгі химиялық құрамды ескерсек, ол реакциялар жүруі үшін күннен келетін

Қисса- дастандар терапиясы

Асқар тау сенде бір мін бар - асу бермейсің,
Тасқын су, сенде бір мін бар - өткел бермейсің,
Билер, сендерде бір мін бар - басқаға сөз бермейсің!



Ару қаламыз Ақтөбенің 155 жылдығы, Сағи Жиенбаевтың 95 жылдық мерей тойына арналған шаралар аясында кітапханамыздың төрінде «Кітап Fest-2024» кітап фестивалі маусым айының 3-12 аралығында өткізіліп жатыр. Іс-шара барысында оратор, «Ойшыл бала» жобасының авторы, «Қазық» этнолагерінің негізін қалаушы, филология ғылымдарының магистрі Аманша Арыстанқызымен оқырмандарымыз арасында «Қисса-дастандар терапиясы» тақырыбында кездесу кеші ұйымдастырылды.



Шара қазағымыздың қисса-дастандарын насихаттап, ел болашағына қисса-дастандар терапиясын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды. Толығырақ анықтама беріп кететін болсақ: Қисса дегеніміз - бір нәрсені баяндау, тарих, әңгіме. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық әдет-ғұрыптары, салт дәстүрі, сонымен қатар адам баласының дүниеге келген күнінен бастап қартайған кезеңіне дейінгі рухани күш алатын, дұрыс бағытқа жетелеуші. Адамзатты

жауапкершілікке, сабырлыққа, батырлыққа, қайсарлыққа, адалдыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге т.б адам бойында болу керек формасында көрсетіп тұратын рухани жанр десек болады. Бір сөзбен айтқанда, бұл қисса бізге ескі жазба әдеби тіл дәстүрінің біртіндеп ауызша әдеби тіл заңдылықтарына икемделе бастауының алғашқы көрінісі деуімізге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақша баспа нұсқалардың ішіндегі ең қомақтысы – қисса аталатын әдебиет. Жалпы, қазақ тілінде алғашқы баспа бетін көрген кітап – «Ер тарғын». Қазан университетінің профессоры, белгілі шығыстанушы Н.И.Ильминский қазақ тілін үйрену мақсатымен жай қызметкер ретінде Орынбор шекара комиссиясына жұмысқа келіп, қазақ жерінің батысы мен шығысын бірнеше ай аралайды. Бұл сапарында ол қазақтың би-шешендерінің әңгімесін тыңдап, ақындардың жырын жазып алады. Сапардан Қазанға оралған соң, қазақ тілінің грамматикасын жазып, сөздігін түзеді. Ең бастысы, атақты Марабай ақыннан «Ер Тарғын» жырын жазып алып, 1861 жылы кітап қылып бастырып шығарады. Мұның тілі ауызша әдеби тілдің жазба әдеби тілге айналуының алғашқы үлгісі деуге болады. Қисса аталған әдебиет содан 10-15 жыл өткенде шыға бастайды. Ал қиссалардың тілі көне түркі әдеби тіл дәстүрін сақтап қалған.

Шарамыздың барысында Аманша Ниязова «Қисса-дастан ескілікті дәріптеу емес па?», «Бала тәрбиесіндегі қиссаның рөлі?», «Телефонның орнына қиссаны ауыстырсақ қалай болады екен?», «Құндылық дегеніміз не?», «Қисса-дастанның қоғамдағы мәні?» турасында көптеген оқырмандар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Шараға қатысушылардың арасында ораторлық курс бойынша шеберлік сағатын ұйымдастырды. Қисса, әңгімелерден мысалдар келтіре отырып, оқырманға кеңінен түсінік берді. Сонымен қатар, белгілі ораторлардың сөйлеудегі ерекшеліктерін айтып, көрермендер арасында шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, өзін-өзі ұстау, көпшілік алдында сөз сөйлеу деген сынды тақырыптарды қозғап, тіл дыбыстарын анық айтуға керекті арнайы артикуляциялық жаттығулар орындатты.

ҚҰДАСОВА Шырайлым Оралбайқызы,
Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы



www.farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Farabi shákirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

Глава государства принял Президента футбольного клуба «Атлетико Мадрид» Энрике Сересо Торреса



11 июня 2024 года

Касым-Жомарту Токаеву был представлен проект по открытию в нашей стране футбольной академии «Атлетико Мадрид».

Отметив, что испанский клуб пользуется всемирной известностью, Президент Казахстана поблагодарил Энрике Сересо Торреса за готовность поделиться опытом и поддержать данный вид спорта в нашей стране.

Как подчеркнул Глава государства, в Казахстане особое внимание уделяется развитию футбола. В настоящее время в спортивных школах и секциях занимаются около



40 тысяч детей, совершенствуется инфраструктура, строятся новые стадионы.



Касым-Жомарт Токаев заявил, что государство готово всесторонне поддержать данную инициативу, направленную на развитие футбола.

Энрике Сересо Торрес рассказал, что сегодня академии «Атлетико Мадрид» действуют во многих странах мира. Для того, чтобы юные таланты заиграли в лучших футбольных лигах мира, в академии особое внимание уделяется внедрению передового опыта и повышению квалификации тренеров и наставников.

Футбольная академия «Атлетико Мадрид» будет создана на базе Олимпийского центра Akbulak в городе Талгаре Алматинской области.

В завершение встречи Энрике Сересо Торрес подарил Касым-Жомарту Токаеву футболку с автографами игроков клуба «Атлетико Мадрид».

akorda.kz/ru

В Казахстане напечатали первый жилой дом всего за пять дней

В крупнейшем городе Казахстана – Алматы усилиями созданной два года назад компании VM Partners 3D Print построен первый в Центральной Азии дом, возведенный методом 3D-печати. Он напечатан с помощью оборудования компании SOVOD, мирового лидера в области производства строительных 3D-принтеров.




Специальная бетонная смесь подавалась на строительную площадку, где из нее отливались стены в соответствии с цифровой моделью. Смесь отличалась особой прочностью, поскольку здание будет находиться в районе с повышенной сейсмической активностью и должно выдерживать землетрясения силой до 7 баллов по шкале Рихтера.

В состав смеси входят цемент, песок, гравий и специальная добавка D.fab - совместная разработка компаний SOVOD и Cemex, которая призвана обеспечить прочность конструкции в условиях резко континентального климата Казахстана. В качестве тепло и звукоизоляции стен использовался пенополистиролбетон.

После «печати» стен отделку, монтаж дверей, окон, инженерных коммуникаций зданий выполняли уже строительные бригады. В итоге, дом был возведен всего за пять дней. Жилая площадь одноэтажного 3D-дома 100 кв. м, стоимость \$21800, что значительно дешевле обычных домов такой же площади.

Александр Агеев




Китайская XPeng Robotics представила детского робота-компаньона в виде волшебного единорога

Престижный 45-й Международный автосалон в Бангкоке наверняка запомнится необычной сенсацией. Презентацию прототипа летающего автомобиля китайской компании XPeng прекрасно дополнил необычный детский робот-единорог Unicorn производства ее «дочки» - XPeng Robotics.

Внимание зрителя сразу привлекает манипулятор в виде роботизированного хвоста единорога с шестью степенями свободы - по мнению разработчиков, оснащенный им робот-компаньон должен помочь ребенку увереннее чувствовать себя в окружающей среде.

Впервые идея создания четвероногого детского робота была представлена полтора года назад. Сегодня в сочетании с искусственным интеллектом Unicorn способен с помощью хвостового манипулятора захватывать, поднимать и переносить объекты весом до трех килограмм. По мере совершенствования ПО возможности робота также будут расширяться.

Александр Агеев



Создатели Бурдж-Халифа намерены превращать небоскребы в гигантские гравитационные батареи

Архитектурное бюро Skidmore, Owings & Merrill, которое спроектировало самое высокое здание в мире «Бурдж-Халифа», объединило усилия с компанией Energy Vault Holdings для нового амбициозного проекта. Они разрабатывают концепцию небоскреба высотой до 1 км, который помимо основных элементов будет содержать специальную пристройку. Внутри нее расположится гравитационный накопитель энергии.

Суть работы такого накопителя в том, что при избытке доступной энергии нечто тяжелое поднимается на высоту, а при дефиците оно под своим весом опускается и раскручивает генератор. Например, в швейцарских Альпах эта система успешно реализована при помощи двух горных озер и прорубленного в скале туннеля между ними.

Строить высотное здание только в качестве батареи вряд ли будет выгодно экономически. С другой стороны, копать котлован аналогичной глубины еще дороже. Поэтому идея объединить жилое или коммерческое здание с гравитационным накопителем энергии выглядит интересной. Таким сооружением будут пользоваться в любом случае и оно сможет обеспечить энергией само себя или - в зависимости от масштабов - еще и других потребителей.

Александр Мартыненко

<https://www.techcult.ru>



ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ФУТБОЛА

Игра с мячом была одним из любимых развлечений у многих народностей, в том числе и в России. Еще в Новгородской республике в XII-XV веках играли в «килу» – командную игру с кожаным мячом, набитым перьями. Однако основателями футбола в том виде, в котором он существует сейчас считаются англичане. Идея игры им не принадлежит. Они позаимствовали ее у итальянцев, которые в XIV веке создали игру «кальчо». В ней играло две команды по 27 человек, причем 15 из них были нападающими. Правилами допускались кулачные бои, поэтому нетрудно представить, насколько динамичной и захватывающей была эта игра. Известно, что флорентийцы не остановили матч, даже когда войска Папы римского осаждали город в феврале 1530 года.



Зарождение современного футбола

Сдержанные англичане адаптировали кальчо к собственному темпераменту и в XIX веке футбол обрел в Англии такую популярность, что потеснил с пьедестала крикет. В 57-году был создан знаменитый «Шеффилд» – клуб являющийся старейшим из существующих, а через шесть лет Футбольная Ассоциация Англии, в которую вошли 11 клубов и команд. Были приняты правила, стандартизированы размеры поля и ворот. В 71 году XIX века был учрежден первый футбольный турнир – Кубок Англии, являющийся на данный момент старейшим в мире.

Появление профессионального футбола

К концу века количество английских клубов переросло за сотню. Изначально игра должна была

оставаться сугубо любительской, поэтому игроков, бравших плату за свою игру, с позором изгоняли из Ассоциации. Так случилось со знаменитой командой престоного футбольного клуба в 1884 году, когда выяснилось, что ее игроки получают зарплату. Однако уже через год Ассоциация официально разрешила платить футболистам, что стало ключевой точкой для зарождения профессионального футбола и появления первой Футбольной лиги.

Распространение футбола

Игра захватила не только Англию. Со стремительностью лавины она начала распространяться по миру и 30 ноября 1872 года состоялся первый международный матч между сборными Англии и Шотландии. Игра быстро перестал быть сугубо английской. В 1904 году в Париже была создана Международная федерация футбола (ФИФА). Она по сей день является главным управляющим органом, организующим международные турниры, в том числе по пляжному и мини-футболу.

Возникновение футбола в России

Футбол появился в России в 1880 году, благодаря иностранным морякам и рабочим, трудившимся на на-





ших заводах. Игра буквально заразила страну и стала одним из самых популярных видов спорта.

Считается, что первый футбольный матч состоялся в 1897 году. Сражались команды «Спорт» и «Василеостровское сообщество футболистов». Сообщество тогда победило с разгромным счетом 6:0. Это была в прямом смысле игра без правил. Все, что требовалось – забить мяч в сетку противника, однако, именно этот матч и дал толчок к зарождению российского футбола.

Первая футбольная лига была создана в 1901 году, а в 1911 образовался «Всероссийский футбольный союз». После, игра стремительно развивалась. Даже Вторая мировая война не смогла существенно повлиять на становление футбола в СССР и в 1952 году наши футболисты впервые приняли участие в Олимпийских играх в Хельсинки. Сейчас сборная России входит в пятерку сильнейших в мире.

Европейские футбольные лиги

В 2005 году на базе Европейского союза первых профессиональных футбольных лиг была образована Ассоциация европейских профессиональных футбольных лиг, в которую вошли двенадцать стран. Сейчас



в организации 29 стран-участников, в том числе: Австрия, Англия, Бельгия, Болгария, Германия, Греция, Дания, Италия, Испания, Нидерланды, Норвегия, Польша, Португалия, Россия, Сербия, Словения, Украина, Финляндия, Франция, Швейцария, Швеция, Шотландия и другие.

ИСТОРИЯ ФУТБОЛА В КАЗАХСТАНЕ

История футбола в Казахстане насчитывает более 90 лет.

Футбол пришел в Казахстан совсем недавно - в 1924 году советские войска привезли этот вид спорта вместе с собой. С тех пор футбол стал частью культуры казахстанцев.

Одним из первых мест, где появился футбол в Казахстане, была Алма-Ата. В 1925 году там был создан первый футбольный клуб, который назывался "Красная Звезда". За этим первым клубом следовали другие, такие как "Динамо", "Трактор", "Кайрат", "Спартак", "Кайсар" и многие другие. Все эти команды выступали на турнирах республики и внутри союзных республик.

С 1992 года Казахстан начинает выступать в европейских и мировых футбольных соревнованиях. В конце 90-х годов были созданы новые клубы и новые игроки. Казахстан стал ориентироваться на европейский стиль игры, уделяя особое внимание технике и тактике. В 1994 году казахстанский клуб "Кайрат" стал обладателем Кубка Содружества Независимых Государств. В 2011 году сборная Казахстана победила сборную Турции в очном матче. В 2016 году казахстанская сборная победила сборную Финляндии со счетом 3:0 на квалификационных матчах чемпионата мира по футболу.

Первенствующими считаются пять стран:

- Англия – премьер-лига состоит из двадцати клубов. Является самым популярным чемпионатом в мире и самым прибыльным, с тех пор как Футбольная Ассоциация позволила футболу стать профессиональным. Основной ее доход составляет продажа прав на телевизионные трансляции.

- Испания – Национальная футбольная профессиональная лига. Была основана в 1928 году и состояла из 10 клубов: «Барселона», «Реал Мадрид», «Атлетик Бильбао», «Реал Сосьедад», «Аренас Гечо», «Реал Унион», «Атлетик Мадрид», «Эспаньол», «Европа» и «Расинг». По итогу 2019 года только первые три участника за всю историю ни разу не побывали в низших дивизионах.

- Италия – Серия А в современном виде ведет историю с 1929 года. В составе 20 команд. Является самой сильной лигой в мире после английской и испанской.

- Германия – футбольная Бундеслига, состоит из 18 команд. История футбола в Германии отсчитывается с середины XIX века, но в теперешнем виде лига существует с 1963 года, после того как спорт стал профессиональным.

Россия – Премьер-Лига включает 16 футбольных клубов. Существует с 2002 года, когда пришла на смену Профессиональной футбольной лиге.

Источник:
luxsolsport.ru; Caravan.kz

10 Surprising Summer Vacation Safety Tips

Sunscreen? Check. Lifejacket? Check. You know the drill. But when it comes to staying safe on your summer vacation, there are other hazards you may not have thought about. These 10 summer vacation safety tips will help keep your family out of danger at the beach, by the pool, in the woods and on the road.



SUMMER SAFETY TIP 1: DROWNING IS QUIET.

Everyone thinks that people who are drowning yell, thrash and splash. They don't. Drowning doesn't look like drowning, as former Coast Guard rescue swimmer Mario Vittone explains. People in serious distress lose their ability to call out for help or wave. Instead, their instinctive drowning response causes them to hover upright at the surface of the water with their head tilted back and mouth open, gasping or hyperventilating.

SUMMER SAFETY TIP 2: USE "TOUCH SUPERVISION" WITH YOUNG CHILDREN AROUND POOLS.

Home — or vacation home — swimming pools are a particular hazard for very young children (aged 1 to 4). It may be tempting to dive into a magazine or a cocktail while you're sitting poolside, but if young children are around you should stay focused on them. Amid the chaos of a family beach rental, it only takes a moment of inattention to place a child at risk of drowning.

The CDC recommends designating one adult to watch all children swimming or playing in or around water. Supervisors of preschool children should practice "touch supervision," which means being close enough to reach the child at all times. About half of child drownings take place within 25 yards of an adult.¹

SUMMER SAFETY TIP 3: KNOW THE WARNING SIGNS OF SHARKS.

Compared to other summer vacation safety threats, shark attacks are extremely unlikely. However, they do happen. Here are a few tips for avoiding sharks:

Don't swim at dawn or dusk, or after heavy rains.

Don't swim near fishing piers, where sharks may be

attracted by bait.

If you see small fish schooling and jumping out of the water, a shark may be nearby.

Sharks are attracted to mouths of rivers, channels, deep drops and areas between sandbars.

Watch for blue or purple flags, which indicate sharks, jellyfish or other dangerous marine life.²

SUMMER SAFETY TIP 4: KNOW YOUR VEHICLE LOAD LIMITS.

Can't fit the kids, the beach chairs and all the suitcases in your vehicle? A rooftop carrier makes packing for your summer vacation much easier. But don't stuff it to the gills. Read the car's manual first to figure out the dynamic weight limit for the roof rack. It's probably less than you think; on average, 165 pounds is the max.³ And remember that adding rooftop cargo raises the center of gravity, which can cause an SUV to sway or become less stable on the road.



SUMMER SAFETY TIP 5: DON'T TRUST YOUR GPS/PHONE MAPS.

A Texas college student was sightseeing near the Grand Canyon when she followed her GPS down a road that wasn't actually there.⁴ She ran out of gas and endured five days in the desert before being located — thanks to the efforts of rescuers and her decision to leave a note in her abandoned car, explaining where she had gone. The story illustrates one of the most important travel safety tips: Always have a backup plan. Paper maps are a good idea to carry, along with emergency water, food, and other supplies.

SUMMER SAFETY TIP 6: STEER CLEAR OF WILDLIFE.

Many wild animals are drawn to campgrounds because they can forage in trash or snag snacks from tourists.



Every year brings news accounts of people being attacked on their summer vacation by animals like bears and bison. The key thing to remember is that most animal attacks are provoked. Never, never feed or harass wildlife, even if you see other people doing it. And remember that bees, deer, dogs and cows kill a lot more people than alligators and bears.

SUMMER SAFETY TIP 7: SPRAY YOUR SHOES.

Picking off a few ticks used to be a normal rite of summer vacation. Now it's cause for alarm, as scientists have discovered more than 14 diseases spread by ticks, including Lyme disease, babesiosis and powassan virus.⁵ Ticks are spreading, and reports of disease have shot up. How can you keep your family safe? Science writer Melinda Wenner Moyer recommends spraying children's and adults' shoes with permethrin and doing daily tick checks.

SUMMER SAFETY TIP 8: USE THE TEDDY-BEAR SYSTEM.

No parent ever thinks he or she would leave a child locked in a car. But tragically, children die from heatstroke in hot cars every year, often because a distracted parent simply forgets the child's in the back seat. To prevent this, keep a teddy bear in the child's safety seat. When the child's buckled in, move the teddy to the front seat as a reminder that the back seat is occupied.⁶

SUMMER SAFETY TIP 9: PLAN AHEAD TO KEEP PETS SAFE.

Like young children, pets are vulnerable to injury when left in hot cars. Even when the outside temperature is 60 degrees, the sun can raise it to 110.6 If your dog is coming along on your summer vacation road trip, plan ahead for how you'll keep him cool. Can you pack picnic lunches, or find restaurants that allow dogs on the patio? What will you do if you need to run an emergency errand?

SUMMER SAFETY TIP 10: MAKE SURE YOU'RE PROTECTED IN CASE OF MEDICAL EMERGENCIES

If your summer travel plans take you on a cruise, out of the country, or to more remote areas of the United States, you should have travel insurance with emergency medical benefits and emergency medical transportation benefits. These benefits can cover your medical care and/or emergency transportation if you experience a covered medical emergency while traveling, protecting you from unexpected (and enormous) medical bills. Find a plan today.

Richmond-based travel writer Muriel Barrett has a terrible sense of direction, and has spent many happy hours getting lost in Barcelona, Venice and Jerusalem. Her favorite travel memories all involve wildlife: watching sea turtles nest in Costa Rica, kayaking with seals in Vancouver and meeting a pink tarantula in Martinique.

www.allianztravelinsurance.com

Photo from sources: GOV.KZ; «Тіршілік тынысы»



ҰЛЫТАУ

О, Ұлытау - қазағымның бесігі,
Сенде түзеп бабаларым көшімді.
Жау төнгенде қара бұлттай жан-жақтан,
Қалқан қылған оқ өтпейтін төсіңді.
Күш жинаған қуат алған өзіңнен,
Қайтаруға қасірет түнек кесірді!
Айрылмаған өмір атты жазынан,
Сен кітапсың ұлылығым жазылған.
Әр тасыңда қолтаңбасы бабамның,
Сыр жеткізіп ерлік даңқ сазынан,
Аманатқа ұрпағына қол қойып,
Ақыл ойды парасатпен оздырған.
Киелі тау өзісің сен ғажаптың,
Қазына толы сарайыңды бұзбақ кім?
Тамырындай ғасырлардың солқылдап,
Төзімменен түрін көрген азаптың.
Кең әлемге дауыс салған бармын-деп,
Жүрегіндей көрінесің қазақтың!
Еліктемей солықтамай ешкімге,
Қарсы тұрған өлімге де тас түнге.
Жошым менен Алаша хан да өзіңсің,
Тарихымның сырын шерткен төске іле.
О, Ұлытау тірек болған киелім,
Тектілігім бойдан кетсе кешірме!

Лұқпан Сисекенұлы

